




Өндіріс жаңғырса,
өңірге сеп

2-бет



Ұлтқа қызмет
еткен ұлы жүрек

4-бет



Хоккей аламаны
аяқталды

8-бет



**Құрметті ғалымдар,
оқытушылар,
зерттеушілер,
ғылыми сала
қызметкерлері!**

Сіздерді кәсіби мереке – Қазақстан Республикасының Ғылым күнімен шын жүректен құттықтаймыз!

12 сәуірде біз өз өмірін ғылымға, білімді дамытуға және инновацияларды енгізуге арнаған адамдарды атап өтеміз. Ғылым – прогресстің қозғаушы күші, тұрақты дамудың негізі және болашақтағы стратегиялық ресурсымыз болып табылады. Еңбек пен ғылыми іске берілгендіктің арқасында сіздер елдің экономикалық әлеуетін нығайтуға, білім беру, денсаулық сақтау, экология, аграрлық сектор және өнеркәсіп саласындағы өзекті міндеттерді шешуге ықпал етесіздер.

Біздің облыстың ғылыми әлеуеті қашанда жоғары болды. Біз дарынды зерттеушілерді, жас ғалымдарды, аймақтың интеллектуалды элитасын қалыптастырып жүрген академиялық қауымдастықты мақтан тұтамыз.

Мерекеге орай сіздерге зор денсаулық, жаңа ғылыми жетістіктерді тілейміз. Сіздердің ғылыми еңбектеріңіз еліміздің гүлденуіне қызмет етсін!

Мереке құтты болсын!

Ермағанбет БӨЛЕКПАЕВ,
Қарағанды облысының әкімі
Нұркен КОБЖАНОВ,
Қарағанды облыстық
мәслихатының төрағасы

• ТҰСАУКЕСЕР

ТАҒЗЫМ МЕН ТАҒЫЛЫМ

Мемлекет және қоғам қайраткері

Қуаныш Сұлтановтың қос кітабы жарыққа шықты



Кеше Достық үйінде «Қазақтың Қонаевы» және «Отыз жылдың ой толғауы» кітаптарының тұсауы кесілді. Қос бірдей еңбектің авторы – Мемлекет және қоғам қайраткері Қуаныш Сұлтанов. Кітапта автор өзі куә болған естеліктерді баяндап, кеңестік тұстағы әділетсіздіктер мен қайшылықтар туралы ойларымен бөліскен. Шараға зиялы қауым өкілдері, мемлекет және қоғам қайраткерлері, ақын-жазушылар, журналистер мен оқырмандар қатысты.

Сөз алған облыс әкімі Ермағанбет Бөлекпаев өңірге ат басын бұрған Қуаныш Сұлтановтың алғысын білдіріп, бүгін ерекше күн екенін жеткізді.

– Күні кеше қос кітаптың тұсаукесері елордада өтті, енді біздің облыста да өтуде. Екі шығарма да оқырман үшін құнды деп ойлаймын. Олар тәуелсіз Қазақстанның қалыптасуы мен даму тарихын қауайды. Сіз өңірдің экономикасы мен әлеуметтік дамуына зор үлес қосып, оның тарихында өшпес із қалдырдыңыз. Елдің саяси өміріне белсенді қатысып, маңызды шешімдерді қабылдауға атсалыстыңыз. Сізге шығармашылық табыс тілеймін, – деді Ермағанбет Қабылдаулы.

Қуаныш Сұлтановты сөз басында осыдан шамамен 40 жыл бұрын қоғамдағы әділетсіздіктерден жапа шеккенде осы Қарағанды жеріне келгеніне шүкіршілік айтатын тілге тиек етті.

– Маған «Қарағандыға барасың ба?» деген кезде, ойланбастан «барамын» дедім. Мұнда 1987 жылы 23 қаңтарда келдім. Сол сәттен бастап жанымды салып еңбек еттім. Сонда ағаларымыздың бірде-бірі «Сен қайдан келдің?» деген жоқ, қолдады. Мен осында келіп, көп үйрендім, көзім ашылды. Қарағандыдан елімді, жұртымды таптым. Білімім, іскерлігім артты. Үш жарым жылдан кейін Алматыға барғанда осындағы көрген-білгенімнің арқасында ондағы қатарластарымнан көп жағдайда рухани, мәдени, біліктілік жағынан артықшылығым болды. Маған журналистер «Мейін Қарағандым» деп неге айта бересіз? Сіз Қарағандының емессіз ғой», – дейді. Қарағанды – қазақтыкі. Арқадан қаншама бабаларымыз шыққан. Елдің саяси, өндірістік әрі мәдени тірегі, – деді Қуаныш Сұлтанов.

► 2-бет


• БҮГІН – ҒАРЫШКЕРЛЕР КҮНІ

Ғаламмен тілдескен, жаһанмен үндескен

1961 жылы 12 сәуірде Қазақстанның Байқоңыр аймағынан тұңғыш космос қораблi ғарышқа аттанды. Бұл – адамзат тарихындағы ұлы бетбұрыстың, арман мен ақиқат тоғысқан сәтінің нышанды күні. Осы күн – жер орбитасына алғаш рет адам табаны тиген, ғарышқа жол ашылған ерекше уақыт. Тек ғарышкерлер үшін емес, айтулы дата – ғылымға жанын арнаған жандардың да мерекесі. Себебі, 1961 жылдың дәл осы тәулігінде ғылым саласы да жаңа дәуірге қадам басты. Әлемнің ой-сана-сында алтын әріппен жазылған тарихи оқиғалардың бірі де дәл осы – адамзат баласының ғарышты алғаш бағындырған сиқырлы сәті.

Ерқанат КЕҢЕСБЕКҰЛЫ,
«Ortalyq Qazaqstan»

Осы жолдың көшбасында халқымыздың маңдайына біткен дара тұлға тұр. Ол – Токтар Әубәкіров. 1991 жылдың 2 қазанында Алаштың Токтары адамзат тарихындағы, әсіресе, Тәуелсіздігін енді ғана жариялаған қазақ елінің ғарышқа аттанған тұңғыш өкілі болды. Бұл оқиға – тек ғылыми жетістік қана емес, егемендік алған елдің рухын көтерген тарихи бетбұрыс еді. Токтар Әубәкіров



Компьютер жасаған Шығар Алашқызов

«Союз ТМ-13» кемесімен көкке самғап, бір апта бойы маңызды ғылыми эксперименттер жүргізді. Оның ғарыштан жасаған бақылаулары – металлургия мен биотехнологиядан бастап, экология мен медицинаға дейінгі ауқымды салаларды қамтыды. Арал теңізі маңындағы экологиялық апат аймағына қатысты жинаған нақты деректері тұзды шаң мен улы аэрозолдардың

таралуын дәл көрсетті. Бұл зерттеулер – табиғатты қорғау ісіндегі бетбұрыс ғана емес, туған жерге деген терең жанашырлықтың да айғағы. Токтар Әубәкіровтің ғарышқа сапары – ғылым мен отансүйгіштікті ұштастырған, тарихта алтын әріппен жазылған теңдессіз ерлік. Токтар Әубәкіров – жаңа дәуірдегі қазақтың көкке ұмтылған арманының асқақ ақиқатқа айналған символы.

Ал, Талғат Мұсабаев – қазақтың екінші ғарышкері – ғарышта үш рет болып, ел тарихында елеулі із қалдырды. 1994 жылы «Союз ТМ-19» кемесімен алғаш ұшып, 126 күн ғарышта болған. 1998 жылы екінші мәрте ғалам төріне самғап, 208 күн бойы көкте еңбек етті. Сол сапарында бес мәрте ашық ғарыш кеңістігіне шығып, 30 сағат 8 минут аспан төсінде қалқыды. Осы ерлігімен ол Гиннестің рекордтар кітабына да енді. 2001 жылы үшінші мәрте ғарышқа ұшып, сол жолы 8 күн көкте болды. Жалпы алғанда, Талғат Мұсабаев ғарышта 341 күн 9 сағат 48 минут өткізді – бұл шын мәнінде, таңғажайып тарихи оқиға.

2015 жылы 2 қыркүйекте қазақ ғарышкерлерінің қатарын Айдын Айымбетов толықтырды.

Ақзер әлемде 180-нен астам мемлекет бар. Алайда, солардың ішінде ғарышқа өз перзентін ұшырған елдердің саны саусақпен санарлық қана. Ғарыш төрінен табылу – кез келген ұлт үшін үлкен мәртебе, теңдессіз жетістік. Себебі, ғаламға жол – ғылым мен техниканың ең озық жетістіктері, үлкен дайындық пен терең білімді талап ететін күрделі сала. Ал, бір ұлттан үш немесе одан да көп ғарышкер шыққан мемлекеттер – бар-жоғы тоғыз ел ғана. Сол аздаған алпауыттардың қатарында – қазақ елі де бар.

• БӘРЕКЕЛДІ!

Жігер жеңіске жеткізді

Футболдан Қазақстан Бірінші лига ойындары басталды. Жаңа маусымның тұсауын қарағандылық «Шахтер» және «Түркістан» футбол клубы кесті. Жерлестер сырт алаңда түркістандықтарға қарсы ойнап, 2:1 есебімен жеңіске жетті. Алғашқы ойында үш ұпай еншілеп, маусымды сәтті бастады.



Ербол ЕРБОЛАТ,
«Ortalyq Qazaqstan»

Биылғы Бірінші лига маусымы ерекше өтпек. Олай дейтініміз, турнирге бұған дейін Қазақстан чемпионатында топ жарған үш команда қатысуда. Олар «Тараз», павлодарлық Ертіс және үшіншісі өзіміздің «Шахтер». Осы командаларды қоса есептегенде лигада барлығы 14 команда өнер көрсетпек.

► 8-бет

Өндіріс жаңғырса, өңірге сеп

Қарағандыда күнбағыс, зығыр және соя майының өндірісі басталды. Бұл облыс әкімі Ермағанбет Бөлекпаевтың еңбек ұжымдарымен кездесуі барысында белгілі болды. Аймақ басшысы өңірдегі тамақ өнеркәсібінің ірі кәсіпорындары – Eurasian Foods компаниясының зауыты мен Қарағанды диірмен комбинатына арнайы барып, өндірістік нысандардың жұмысымен танысты.



ҚАРАҒАНДЫ ОБЛЫСЫНЫҢ ӘКІМДІГІ

артуы мүмкін. Отандық шикізатқа, оның ішінде, жергілікті шикізатқа бағдар қойылып отыр. Өндірісті кеңейту арқылы қосымша жұмыс орындары ашылуда. Жалпы, кәсіпорында 250 адам еңбек етеді.

Қарағанды облысының әкімі Ермағанбет Бөлекпаев еңбек ұжымда-



Салтанат ІЛИЯШ,
«Ortalyq Qazaqstan»

Ол өндірісті жаңғырту барысын қа- рап, жұмыс орындарындағы қызметкерлермен әңгімелесті. Еңбек адамдары облыс әкіміне өздерін толғандырып жүрген сұрақтарын қойды. Олар негізінен аулалар мен көшелерді абаттандыру, жол жағдайы, газдандыру, балалар спортын дамыту секілді әлеуметтік-тұрмыстық мәселелерді көтерді.

Аймақ өнеркәсібінің әлеуеті зор. Бүгінде май өнімдерін шығаратын кәсіпорындар үнемі жаңғыртылып, жаңа технологиялар енгізілуде. Зауыт аумағында жаңа цехтар салынып, заманауи құрал-жабдықтар орнатылуда. Сонымен қатар, өндірісте «жасыл экономика» талаптарына ерекше көңіл бөлінуде – бұл суды және электр энергиясын үнемдеуге мүмкіндік береді.

Қарағанды диірмен комбинаты май зауытын кеңейтумен айналысуда. Мұнда майлы дақылдарды өңдейтін жаңа желі іске қосылды. Өсімдік майының бірнеше түрі, атап айтқанда, күнбағыс, зығыр, соя өндіріле бастады.

Кәсіпорын директоры Виктор Фединнің айтуынша, қазір өндіріс айына бір жарым мың тоннаға дейін өнім шығарады. Ал, ол келешекте екі есеге

рымен кездесулерін жалғастыруда.

– Еңбектеріңіз үшін рахмет! Сіздердің өнімдеріңіз сұранысқа ие. Жергілікті өндірісті қолдауға тырысамыз. Облыс, қала басшылығына сұрақтарыңыз бар екенін түсінеміз. Сіздер тікелей жауап алуларыңыз үшін осы кездесуге арнайы келдім. Бұл кездесуді есеп беру деп есептеніздер, – деді Ермағанбет Бөлекпаев жұмысшыларға.

Облыс әкіміне кәсіпорындардың газға көшу мүмкіндіктері туралы да сұрақ қойылды. Бұл мәселе өңір экологиясы мен өндірістік қауіпсіздік тұрғысынан үлкен маңызға ие. Қазіргі таңда бірінші кезекте жеке тұрғын үй секторын газдандыру жұмыстары жүргізілуде. Бұл халықтың өмір сүру сапасын арттырумен қатар, тұрмыстық отынға тәуелділікті төмендетуге бағытталған.

Алайда, болашақта ірі және орта кәсіпорындардың да кезек-кезеңімен газға көшуі қарастырылып отыр. Бұл, бір жағынан, облыс орталығы мен өндірістік аймақтардағы экологиялық жағдайды жақсартуға, екінші жағынан, энергия тиімділігі мен заманауи технологияларды енгізуге жол ашады.

Суретті түсірген
Жангелді ӘБДІҒАЛЫМ

Энергетиктерге талап ерекше

Қарағанды облысында 2025 жылға арналған электр энергетикасы инфрақұрылымын жаңғырту науқаны басталды. Бұл туралы облыс әкімі Ермағанбет Бөлекпаевтың төрағалығымен өткен кеңесте айтылды. Кеңес барысында өңірдегі энергиямен қамту мәселесі, оның ішінде, Қарқаралы қаласында жиілеп кеткен жарықтың апаттық өшуінің себептері кеңінен талқыланды.

Салтанат ІЛИЯШ,
«Ortalyq Qazaqstan»

Апта ішінде Қарқаралы қаласында жарық үш рет сөнген. Соның салдарынан халық пен әлеуметтік нысандар зардап шеккен. 4 және 7 сәуірде қалпына келтіру жұмыстары жүргізілсе де, тағы электр қуатынсыз қалған. Бұл жағдай аймақ басшысының алаңдаушылығын тудырды. Ол электрмен жабдықтауды тұрақтандыру үшін түбегейлі шаралар қабылдауды талап етті.

ҚАЭК директоры Кирилл Сұлтанов үш фидер өшіп қалғанын, ықтимал себептердің бірі – сымдардың зақымдалуы екенін айтты. Компанияның Қарқаралыда мамандандырылған зертханасы жоқ. Сондықтан, Қарағандыдан мамандардың келуін күтуге тура келеді.

– Неліктен осындай жағдайға жеткізгенсіздер? Неге жедел ұйымдастырмайсыздар? Адамдар күте алмайды. Электр желілерін қалпына келтіріп, Қарқаралы қаласы бойынша түбегейлі шаралар қабылдаңыздар! – деді Ермағанбет Бөлекпаев.

Кеңесте облыс әкімі барлық энергия беруші компаниялардың басшыларын тыңдады. Сондай-ақ, энергия қадағалау және табиғи монополияларды реттеу департаменттерінің басшылары баяндама жасады.

ҚАЭК мәліметінше, желілер мен құрал-жабдықтар әбден тозған. Биыл компания тарифтік сметаға сәйкес 57,6 шақырым электр беру желісін күрделі жөндеуден өткізуді жоспарлап отыр. Одан бөлек, Осакаров ауданындағы «Заря» және Нұра ауданындағы «Черниговка» қосалқы станци-

яларында күрделі жөндеу жұмыстары жүргізіледі. Ал, облыс бойынша 60 трансформаторлық қосалқы станция жаңартылады.

«Қарағанды Жарық» компаниясы биыл «Қарағанды» қосалқы станциясын реконструкциялауды, сондай-ақ, «Жаңа Майкүдык» қосалқы станциясының құрылысын аяқтауды көздеп отыр. Бұл жобалар инвестициялық бағдарлама аясында іске асырылуда және өңірдегі электрмен қамтудың сенімділігін арттыруға бағытталған.

Сонымен қатар, Теміртау, Қарағанды және Саран қалаларын байланыстыратын «Саран» қосалқы станциясын қайта жаңарту жобасы жүзеге асырылуда. Бұл жоба үш ірі энергетикалық торапты тұрақты әрі үздіксіз қуатпен қамтамасыз етуге мүмкіндік береді. Облыс әкімі инвестициялық бағдарламалардың орындалуын тұрақты бақылауда ұстайтынын, оның ішінде, қаражаттың мақсатты жұмсалудың басты назарда екенін қатаң ескертті.

Сонымен бірге, несіз қалған электр желілерінің мәселесі де назардан тыс қалмады. Әкім жауапты органдарға бұл желілерді түгелдеп, баланса алу, техникалық жағдайын тексеру және оларды жаңғырту бойынша нақты шаралар қабылдауды тапсырды.

Қарағанды облысы үшін энергетика саласы – стратегиялық маңызы бар бағыттардың бірі. Электрмен қамту жүйесінің тұрақтылығы – тұрғындардың өмір сапасы мен өңірдің өндірістік әлеуеті үшін шешуші фактор. Осы орайда қабылданып жатқан шаралар халықтың сенімін ақтауға бағытталған нақты кадам болмақ.

ТАҒЗЫМ МЕН ТАҒЫЛЫМ

Мемлекет және қоғам қайраткері

Қуаныш Сұлтановтың қос кітабы жарыққа шықты

(Соңы. Басы 1-бетте).

Қуаныш Сұлтановтың қайраткерлік болмысы мен қызметі еліміз тәуелсіздігін жариялағаннан бастап айқындала түсті. Тұңғыш Үкімет құрамында Баспасөз және бұқаралық ақпарат министрі қызметіне тағайындалды. Ал, 1993 жылы Премьер-Министрдің орынбасары қызметін абыроймен атқарды. 1995 жылы Қазақстанның Қытай, Монғолия, Вьетнам және Солтүстік Кореядағы Төтенше және өкілетті елшісі болып, ел мен ел арасын елдестіруге де барын салды. Мемлекеттік қызметте жүрсе де, шығармашылықтан қол үзген емес. Бірқатар кітаптар мен монографиялар, жүздеген мақалалардың авторы ретінде танылды.

Тұсаукесері ұйымдастырылған екі туынды да көзі қарақты оқырманның қызығушылығын тудырып, ел тарихындағы елеулі кезеңдерінен, көпшілік біле бермейтін жайттардан сыр шертеді.

«Қазақтың Қонаевы» кітабы ұлтымыздың ұлы перзенті Дінмұхамед Қонаевтың ұзақ жылдар ұлт мүддесінде атқарған қайраткерлік еңбегіне арналады. Автор естеліктерінде өзі куә болған кейбір оқиғалар мен сәттерді баяндайды. Одақтық үстемдік жағдайындағы әділетсіздіктер мен қайшылықтар да сарапта-лып, жеңіл, қарапайым тілмен оқушы назарына ұсынылады. Қуаныш Сұлтанов кітабында Дінмұхамед Ахметұлымен қызметтес болғандықтан, адами тұрғыдан, бейресми қарым-қатынастарды көрсетуге тырысқанын жеткізді. Өмірлік ұстазы – Дінмұхамед Қонаев екенін де атап өтті.

«Отыз жылдың ой толғауы» кітабында тәуелсіздік жылдарындағы алғашқы қиындықтар, қабылданған батыл шешімдер, жалпы тәуелсіздік деген қастерлі ұғымның мәні айтылады.

Жиналғандар қос еңбек жайлы, жалпы, Қуаныш Сұлтановтың елдің дамуына қосқан сүбелі үлесі жайлы пікірлерімен бөлісті.

Белгілі мемлекеттік қайраткер Серік Ахметов, Қазақстан Республикасы Премьер-Министрдің кеңесшісі Ералы Тоғжанов, Қарағанды экономика университетінің ректоры, профессор Еркара Аймағамбетов, Абай атындағы Мемлекеттік сыйлықтың иегері, ақын Серік Ақсұңқарұлы ел мүддесін бәрінен биік қойған Қуаныш Сұлтановтың ерен еңбегін, азаматтық болмысы мен қайраткер-



лігін сөз етті. Жиналған жастар да кітап авторына түрлі сұрақтарын қойып, автордың азаматтық парасаты пен пайымы тұрғысынан жауап алды.

Сонымен қатар, мемлекет қайраткерінің ұлттық мұра мен құндылықтарды қалпына келтіруге сіңірген еңбегі де айтылды. Қуаныш Сұлтанов Қарқаралыдағы Құнанбай қажы мешітін, Ұлт ұстазы Ахмет Байтұрсыновтың Ақтеректегі алғашқы мектебін қалпына келтіруге бастама көтеріп, басы-қасында болған. Сондай-ақ, Тәттімбет атындағы қазақ халық аспаптары оркестрін құрудағы орасан еңбегі туралы айтылды.

Келушілер назарына облыстық тарихи-өлкетану музейіндегі құжаттар мен экспонаттар ұсынылды. Музей қызметкері Нарша Ілгеннің айтуынша, музейде Қуаныш Сұлтановтың жеке құжаттары, атап айтқанда 1987 жылғы Қуаныш Сұлтановқа берілген мінездеме, ОКП жанындағы Қазақ ғылым академиясын бітіргені туралы құжат және өз қолымен жазылған бірнеше құжат сақталған.

Шараның мазмұнды бөлігінен кейін шақырылған қонақтар қос кітаптың тұсауын кесті. Қуаныш Сұлтанов бұл еңбектерін Қарағанды қаласының кітапханаларына табыстады. Оқырман кітаптарды Абай, Н.Гоголь, Ж.Бектұров және М.Әуезов атындағы кітапханалардан тауып, оқи алады.

Түстен кейін Қазақстанның қоғам қайраткері, депутат әрі академик Қуаныш Сұл-

танов Е.Бөкетов атындағы Қарағанды зерттеу университетінде болды. Жиынға облыс әкімінің орынбасары Әлібек Әлденей, Қазақстанның еңбек сіңірген қайраткері Рым-бала Омарбекова қатысты. Е.Бөкетов атындағы Қарағанды зерттеу университетінің ректоры Нұрлан Дулатбеков сөз алып, қайраткердің Қарағандымен байланысты өмірбаянына тоқталды. Кездесуде Қуаныш Сұлтанов Евней Арыстанұлының 100 жылдығы аясында Қарағанды университетінің оқытушыларының және студенттерінің сұрақтарына жауап берді.

Қоғам қайраткері Президенттің ғалымдарға айтқан ойларын негізге ала отырып, жаңашылдықтармен бөлісті.

– Студенттер, жас ғалымдар – сіздермен жүздесу мүмкіндігі туғанына қуаныштымын. Евней Бөкетовпен тікелей кездеспесем де, жас кезде еңбектерін оқып, өмір жолына қызығып қараған ұрпақтың өкілімін. Евней Арыстанұлы оқу орнының гүлденуіне еңбек етті. Сол кездегі студенттер бүгінде үлкен азаматтар. Сіздерді де көптеген мемлекеттік қызметтер күтіп тұр. Қазір қоғам қарыштап дамуда. Жастардың дамуы үшін барлық жағдай жасалған, – деп атап өтті Қуаныш Сұлтанов.

Жанася ОМАРБЕК,
Аяулым СОВЕТ,
«Ortalyq Qazaqstan»

Суреттерді түсірген
Александр МАРЧЕНКО

Бағынды сынап, баспаналы бол!

Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаев тұрғын үй мәселесі нарықтағы ахуалға байланысты екенін, тұрғын үй саясатына ерекше қарау керектігін айтқан болатын. Қазіргі таңда жастарды қолдау мақсатында, олардың баспанаман қамтылуы үшін бірқатар бағдарламалар қолға алынды. Солардың бірі – жас мамандарға арналған «Қарағанды жастары» өңірлік ипотекалық бағдарламасы. Аталмыш бағдарлама көмегімен жас қарағандылықтар биыл да қоныс тойын тойлайды.

Биылға басты ерекшелік – «Жұмысшы мамандықтары жылы» аясында бағдарламаға жұмысшы жастардың да қатыса алатындығы. Құжат тапсыру 15 сәуірден – 18 сәуірге (қоса алғанда) дейін.

Аяулым СОВЕТ,
«Ortalyq Qazaqstan»

– Жастардың дамуына тиісті жағдайды қамтамасыз ету мемлекеттік органдардың басты бағыты. Осы орайда 2022 жылдан бастап, аймақтық жас мамандар үшін жеңілдікпен несие берудің жаңа бағдарламасы іске асырылды. Сол мақсатпен облыстық бюджеттен 1 миллиард және «Отбасы банк» тарапынан қосымша 500 млн теңге мөлшерінде қоса қаржыландыру бөлінді. Өткен жылы бұл бағыттағы жұмыс жалғасын тауып, Теміртау, Саран қалаларында да іске қосылды. Нәтижесінде үш жыл ішінде 350 несие берілді, – деді облыстың жастар саясаты мәселелері жөніндегі басқарма басшысы Айсұлу Ерниязова.

Жалпы алғанда, ипотекалық бағдарламаға денсаулық сақтау, білім беру, мәдениет, спорт, бұқаралық ақпарат құралдары, жетім және ата-аналарының қамқорлығынсыз қалған балалар қатыса алады. Сондай-ақ, «Қазпошта», төтенше жағдай департаменті, мемлекеттік қызметкерлер, жоғары оқу орындары, әлеуметтік сала және коммуналдық қызмет өкілдерінің де өтініш беруге мүмкіндігі бар.

– Жеңілдікпен несие алу шарттары өзгерген жоқ. Кредит сомасы – 20 миллион теңгеге дейін беріледі. Бастапқы жарна – 10% құраса, пайыздық мөлшерлеме – жылына 6%-ға дейін. Ал, қатыс мерзімі – 19 жылға дейін. Атап өткен жөн, сатып алынатын тұрғын үй Қарағанды қаласында бастапқы, қайталама нарықтарда (қайталама 1974 жылдан аспауы тиіс) пайдалануға берілген тұрғын үйден болуы тиіс. Сатып алынатын тұрғын үйдің құны шектесіз, – деді Айсұлу Ерниязова.



Сурет ашық дереккөзден алынды

Мамандардың айтуынша, биыл жалпы екі миллиардтан астам теңге көлемінде қаржыландыру жоспарлануда. Оның аясында кемінде 107 несие беру көзделген.

– Қарағанды – жастарға арналған жеке тұрғын үй бағдарламасы іске қосылған еліміздегі үшінші өңір. Бұған дейін «Елорда жастары», «Алматы жастары» атты елдің екі ірі мегаполисінде жастардың баспаналы болуына мүмкіндік берілген. Қарағанды да – үлкен орталықтардың бірі. Оған қоса, тұрғын-үй құрылысы да қарқынды жүреді.

Бағдарламаға сай үміткердің жасы 35-тен аспауы тиіс. Сонымен қатар, отбасында ерлі-зайыптылардың біреуі ғана қатыса алады.

Басты талаптардың бірі – соңғы 5 жылда ел аумағында, атында тұрғын-үй-дің болмауы. Жұбайының атында да баспана жоқтығы ескеріледі. Бұл ипотека белгілі бір саланың жас мамандарына бағытталғаннан кейін кемінде 1 жыл еңбек өтілі ескеріледі. Тағы бір назар аударатын талаптың бірі – үміткер немесе оның отбасы мүшелері Қарағандыда кемінде бір жыл тұрғандығы, – дейді «Отбасы банк» АҚ Қарағанды облыстық филиалының бизнесті дамыту бөлімінің басшысы Сұлтан Айдарханов.

Айта кеткен жөн, үміткерлер өтінімдерін 18 сәуір, кешкі 18:00-ге дейін Н.Назарбаев даңғылы 39а, «Open Qaragandy» фронт-офисіне тапсыруы керек.

• ФОРУМ

Ғалым – қоғамның қозғалтқышы

12 сәуір – Ғылым күніне орай Е.Бөкетов атындағы Қарағанды зерттеу университетінде жас ғалымдар форумы өтті. Форум аясында талқылаулар жасалды, жарқын құттықтаулар айтылып, мерейлі марапаттар табысталды. Форум академик Евней Бөкетовтің 100 жылдығы қарсаңында ғалымның есімін ұлықтай отырып, жас ғалымдардың тың дүниелерін насихаттау, өскелең ұрпақты ғылым мен білімге шақыруға бағытталуымен маңызды.



Жансая ОМАРБЕК, «Ortalyq Qazaqstan»

Құттықтау сөз алған университеттің Баскарма төрағасы-ректор Нұрлан Дулатбеков кейінгі жылдары елімізде ғылымды дамытуға көп көңіл бөліне бастағанын, Мемлекет басшысының өзі ғалымдарды – адами капитал, қоғамды алға жылжытатын күш ретінде айтқанын тілге тиек етті.

– Кейінгі 4-5 жыл ішінде ғылым мен білімге құйылған қаражат артты. 2020 жылдары университеттің қаражаты 300 млн теңге шамасында болса, қазір 2,5 млрд асты. Нәтижелері шығатын конкурстан кейін қаржыландыру мөлшері 3 млрд теңгеден асады деген ойдамыз. Бүгінде университет қабырғасында 400-ден астам ғалым бар, оның 30%-ы – жастар. Жас ғалымдар Қытай, Түркия, Өз-

бекстан және басқа да шет елдерге шығып, білімдерін арттыруда. Ханьян университетінің өзіне 15 жас барып қайтты. Кейінгі жылдары жас ғалымдарды қолдауға 150 млн теңге бөлінген. Жақында ғана 8 ғалым әрқайсы 1 млн теңгеден грант алды. Университет тарапынан ғалымдарға пайызсыз ссуда берілетінін білесіздер, оған 80-90 млн-ға жуық ақша бөлініп, ғалымдарға көмек көрсетілді.

Жас ғалымдарды баспанамен қамту да – ұзақ мерзімге бағдарланған стратегиялық шара. Ғалымдардың жаңа бастамалармен, зерттеулермен алаңсыз айналысуына мүмкіндік береді, – деп атап өтті ректор.

«Болашақ» халықаралық бағдарламалар орталығының Баскарма төрағасы Әділ Құсманов бағдарламадағы өзгерістер мен жаңалықтарды жеткізді. Сонымен

қатар, Әділ Миратулы оқу орнының оқытушылары мен ғылыми қызметкерлеріне Ғылым және жоғары білім министрлігінің Құрмет грамотасы мен Алғыс хатын табыстады.

Сондай-ақ, ведомстволық «Ана тілін дамытуға қосқан үлесі үшін», «Ғылымды дамытуға сіңірген еңбегі үшін» төсбелгісін тақты.

Шетел тіліне даярлаудың теориясы мен әдістемесі кафедрасында қауымдастырылған профессоры Жанар Есказинова – Алғыс хат иегері.

– 30 жылға жуық қызмет атқарамын, – дейді ол. – Еңбекті елеген факультет және университет басшылығына алғыс білдіремін. Қазір цифрлық технологияның дамуына байланысты ғылымға көп көңіл бөлінеді. Жастар шетелден ғылыми тағылымдамадан өтуде,

баспана алуға да қолдау бар, жыл сайын университетішілік гранттар да табысталады. Бұл шаралар жастарды ынталандырады.

Жанат Юсупова – форум аясында тұрғын үй сертификаты табысталған жастардың бірі. Наурыз айында өтініш беріп, міне, университет тарапынан сертификатқа ие болды.

– Енді банкке барып, төлем қабілеттілігін растап, пәтер рәсімдейміз. Бағдарламаға қатысу шарттары бар: ғылыми салада еңбек ету керек, өтініш беруші мен отбасы мүшелері атында үй болмауы қажет. Өзім физика-техникалық факультеті ғылыми кіші қызметкермін, докторантурада оқып жатырмын, келесі жылы бітіремін. Жолда-сым да осы университетте қызмет етеді. Мұндай мүмкіндіктің берілгеніне қуаныштымын, – дейді Жанат Юсупова.

Шарада 14 ғалым пәтер кілттеріне ие болды. Сертификаттарды «Отбасы Банк» АҚ Қарағанды облыстық филиалының директоры Бауыржан Жуаспай табыс етті.

Университет ректоры Нұрлан Дулатбековтің айтуынша, университеттің зерттеу мәртебесін алуы жас ғалымдардың ғылымға қосқан үлесінің арқасында мүмкін болды. Сондықтан, оларды баспанамен қамтамасыз ету – басты міндеттердің бірі.

Жас ғалымдарды баспанамен қамтамасыз ету Ғылым және жоғары білім министрлігі мен «Отбасы банк» АҚ арасындағы 2023-2027 жылдарға арналған жас ғалымдарды тұрғын үймен несиелеу жөніндегі ынтымақтастық туралы келісім аясында жүзеге асты.

Суретті түсірген Гүлнар МАХАН

• ҚҰРМЕТ

Ұлтқа қызмет еткен ұлы жүрек

Мемлекет және қоғам қайраткері, Қарағанды қаласының Құрметті азаматы Шаймерден Әбілмәжінұлы Оразалиновтың жеке архив қорының тұсаукесері өтті. Іс-шара Қарағанды облысының мемлекеттік архиві тарапынан ұйымдастырылды. Жиналған қауым Шаймерден Оразалиновтың бай өмір жолы мен еңбектегі ерен жетістіктеріне тағзым етіп, ерекше ықыласпен еске алды.



Аида РАХЫМҚҰЛОВА, «Ortalyq Qazaqstan»

Іс-шара қор иесінің өмірі мен қызметіне арналған деректі фильмнен басталды. Сонымен қатар, тарихи-деректі көрме ұйымдастырылды.

Шаймерден Оразалинов 1942 жылы 17 қарашада Петропавл қаласында дүниеге келген. Алайда, оның өмірі мен еңбек жолы Қарағанды қаласымен тығыз байланысты. Осы қалада мектепті, кейін Қарағанды политехникалық институтын «Тау-кен инженері» мамандығы бойынша аяқтап, еңбек жолын 1960 жылы қарапайым моторшы жұмысынан бастаған.

Инженерлік және ғылыми қызметпен қатар, ол өндірістік басшылыққа дейін көтерілді. 1975 жылы техника ғылымдарының кандидаты ғылыми дәрежесін қорғады. 1965-1987 жылдары аралығында тау-кен байыту саласында түрлі лауазымды қызметтерді атқарып, өндірістегі білімі мен тәжірибесін мемлекет дамуына бағыттады.

1984 жылдан бастап, ол мемлекеттік қызметке белсенді араласа келе, Қарағанды қаласының Октябрь аудандық атқару комитетінің төрағасы, кейін қалалық атқару комитетінің төрағасы, әкімшілік басшысы және қала әкімі болып қызмет атқарды.

Ерекше еңбекқорлығы мен адалдығының арқасында халық құрметіне ие болды. «Үнемі таңғы 8-де жұмысқа келіп, кешкі 10-да қайтатын, демалыс күндері де жұмысынан қол үзбейтін еді», – деп әріптестері мен достары сағынышпен еске алды.

1997 жылы Қарағанды облысы әкімдігі жанындағы Тәртіптік кеңестің алғашқы төрағасы болып тағайындалды. Кейін 1999-2007 жылдары Парламент Мәжілісінің екі шақырылымында депутат болды. Ол ел үшін маңызды бірқатар заңнамалық бастамаларды көтеріп, жаңа Еңбек кодексінің әзірленуіне белсене атсалысты. Сонымен

қатар, «Еңбек» және «Ауыл» депутаттық топтарының мүшесі ретінде өмірлердің мәселелерін шешуге ықпал етті.

Парламенттен кейін де ол түрлі экономикалық және әлеуметтік бағыттағы құрылымдарда басшылық қызметтер атқарды. Соңғы қызметі – Қазақстандық электр энергетикасы қауымдастығының төрағасы.

Шаймерден Оразалинов «Құрмет» төсбелгісі, «Парасат» ордендерімен, «Іске адалдығы үшін» және «Қайырымдылық үшін» медальдарымен, «Еңбек даңқы» төсбелгісімен, сондай-ақ, көптеген Құрмет грамоталарымен марапатталған. Қарағанды қаласының Құрметті азаматы атағы да оның елге, жерге деген еңбегінің лайықты бағасын алғандығының айқын дәлелі.

Қайраткердің жеке архив қорын Қарағанды облысының мемлекеттік архивіне жұбайы Дана Кенжебайқызы тапсырды.

– Бүгін мен үшін ерекше күн. Жұбайымның аразымдан кеткеніне алты жыл өтсе де, оның жарқын бейнесі жүрегімізде мәңгі сақтаулы. Оны ұмытпағандарыңызға және осы шараға келгендеріңізге алғыс айтамын! Біз 54 жыл бірге өмір сүрдік. Ол ешқашан өзінің қара басын ойлаған емес, әрқашан басқа адамдарды ойлап тұратын. Мен оның құжаттарын мұрағатқа тапсыруды өзімнің парызым деп санадым, өйткені оның өмір жолы болашақ ұрпаққа үлгі болуы тиіс. Сондай-ақ, мен депутаттарға қаламыздағы бір көшеге оның есімін беруді ұсындым, себебі оның есімі тек жүрегімізде ғана емес, туған қаламыздың картасында да сақталуға лайық деп сенемін, – деді Дана Кенжебайқызы.

Қорда – өмірбаяндық мәліметтер, сирек фотосуреттер, марапаттау куәліктері, оның өмірі мен қызмет жолы жайлы жарияланған мақалалар және тағы да басқа құжаттары бар.

Суретті түсірген Александр МАРЧЕНКО

• ӘЛЕУМЕТТІК ҚОЛДАУ

Көмек алудың жолы жеңіл

Жыл басынан бері Әлеуметтік қызметтер порталы арқылы облыстағы мүгедектігі бар адамдардың 9,9 мың тапсырысы орындалды. Облыстың жұмыспен қамтуды үйлестіру және әлеуметтік бағдарламалар басқармасының дерегіне, оның ішінде, 6 659 мүгедектігі бар адам оңалтудың техникалық құралдарын, 574 мың – ымдау тілі қызметін, 1 968 мың – жеке көмекшінің, 696 – санаторийлік-курорттық емдеу қызметін алған.

Портал мүгедектігі бар адамдарға оңалтудың техникалық құралдары мен қызметтерін өндірушіні және жеткізушіні өз бетінше таңдауға мүмкіндік береді. Көмек түріне тапсырыс беру көрсетілетін қызметті алушының электрондық цифрлық қолтаңбасымен расталуы тиіс.

Порталды пайдалану бойынша кеңесті 1414 бірінғай нөмірі арқылы алуға болады. Сонымен

қатар, қызметтерді смартфон арқылы пайдалануға мүмкіндік беретін Әлеуметтік қызметтер порталының мобильді нұсқасы жұмыс істейді.

Еңбек және халықты әлеуметтік қорғау министрлігі ұсынған дерек бойынша ел бойынша жыл басынан бері Әлеуметтік қызметтер порталы арқылы мүгедектігі бар адамдардың 211,6 мың тапсырысы орындалыпты. Бүгінгі таңда пор-



Сурет шыққ дереккөзден

талда 703 арнаулы әлеуметтік қызмет көрсетуші, 979 оңалтудың техникалық құралдарын жеткізушісі, 31 мыңнан астам жеке көмекші, 759 ымдау тілі және 129

санаторийлік-курорттық емдеу қызметтерін ұсынушы тіркелген.

Ажар МҰЗАФАРҚЫЗЫ, СДУ-дің 4-курс студенті

Бірлігі бекем ел мықты

Арқа жұртшылығы Қазақстан халқы Ассамблеясының 30 жылдық мерейтойы аясында «Бейбітшілік пен келісім туралы ақсақал тағылымы» республикалық тақырыптық күнін Қарағандыдағы «Достық» үйінде атап өтті. Ақсақалдар жастармен кездесіп, өмірден түйгендерімен бөлісті. Ашық пікір алмасты.

Жәлел ШАЛҚАР, «Ortalyq Qazaqstan»

Облыстық ішкі саясат басқармасы басшысының орынбасары Ұлан Әдепбеков жүргізді.

Мемлекеттік органдар мен азаматтық қоғам институттарының қолдауымен Қазақстан халқы Ассамблеясының Ақсақалдар кеңесі ұйымдастырған шараға жергілікті мемлекеттік органдардың өкілдері, азаматтық қоғам институттары, ғалымдар, сарапшылар, жастар, бұқаралық ақпарат құралдарының өкілдері қатысты.

Шара қоғамда бейбітшілік, бірлік және келісім құндылықтары туралы түсінікті қалыптастыру, ақсақалдардың даналығы мен тағылымы арқылы қазақстандық қоғамдағы этносаралық келісім мен бірлікті нығайту мақсатын көздеді.



Тақырыптық күн аясында «Қазақстан халқы бейбітшілік пен

бірлікте өмір сүруде» атты дәріс өтті. Дәрісті ақсақалдар, қоғам

қайраткерлері және сарапшылар жүргізіп, олар бейбітшілік, бірлік және этносаралық келісім мәселелері бойынша баяндамалар мен талдамалық материалдарды ұсынды.

Алғашқы сөзді Қарағанды облысы Жастар ресурстық орталығының бөлім басшысы Айгерім Қайратқызы алып, жастардың уақытты үнемді пайдаланып, алдыңғы аға буыннан үлгі-өнегесін бойға сіңіріп, заман ағымына сай дамып отыру қажет екенін ортаға салды.

Ал, жастар облыстық полиция департаментінің экстремизмға қарсы күрес басқармасының аға жедел уәкілі, полиция капитаны Ансар Алькенов «Ұлтаралық алауыздықты қоздырғаны және оның салдары үшін қылмыстық жауапкершілік» тақырыбы бойынша баяндама жасап, тұшымды ойларын ортаға салды.

Облыстық кәсіпкерлер қауымдастығының төрағасы Серік Санаубаев мырза да өз ойын ірікіп қалмай, жастардың заман талабына сай, кәсіппен айналысуы қа-

жеттігін, байқатты әрі бәсекеге қабілетті болуы керектігін баса айтты.

Қарағанды облысы ішкі саясат басқармасының «Қоғамдық келісім» КММ ғылыми-сараптамалық сүйемелдеу және әдістемелік қамтамасыз ету бөлімінің жетекшісі Думан Малаев, облыстық аналар кеңесінің төрағасы Айжан Киясова да өз тәжірибесімен бөлісті.

«Намус» әзербайжан ұлттық-мәдени орталығы» қоғамдық бірлестігінен келген Гюлага Рзаев пен облыстық мәслихат депутаты, «Аманат» партиясы фракциясының мүшесі, кәсіпкер Игорь Жабяк жастардың сұрағына жауап беріп, белсенділік танытты.

Дәріс барысында этносаралық қатынастар саласындағы мемлекеттік саясаттың басымдықтары, бағыттары мен тетіктері, Қазақстан халқы Ассамблеясының елдегі этностар бірлігін нығайтудағы 30 жылдық рөлі, сондай-ақ қазақстандық қоғам үшін «Бірлігіміз – әралуандықта» қағидатының маңызы да түсіндірілді.

Қазақстанда бейбітшілік пен



келісім мәдениетінің қалыптасуына ықпал еткен тарихи алғышарттарға, ұлттық мәдениеттер мен тілдерді сақтау мен дамытуға бағытталған мемлекеттік шараларға, Қазақстан халқы Ассамблеясының 30 жылдық қызметінің нәтижелері мен оның этносаралық келісімді нығайтуға қосқан үлесіне айрықша назар аударылды.

Талқылаудың маңызды бөлігі – елдегі бірлікті сақтаудағы жастар бастамалары мен қоғамдық жобалардың ықпалы жайлы болды.

Шынында, ел ертеңі жастардың тәрбиесіне жіті көңіл бөлген. Ұлт пен ұлыстың аманатын арқаалаған жас өскінді тәрбиелеудің жолдары мен амалдары да сан тарау. Солардың ішінде тешуші рөл атқаратын тәлім мен тәрбиенің бір түрі – жастарды патриотизм үлгісінде тәрбиелеу маңызды іс.

Сурет шыққ дереккөзден

Сыбайластарға «сыбаға» сақтаулы

Мемлекет басшысы сыбайлас жемқорлықпен тұтас ел болып күресу керектігі жайлы үнемі айтып келеді. Президент тапсырмасы бойынша аймақта жемқорлыққа тәуекелдер картасын іске асыру жолындағы нәтижелері бұқаралық ақпарат құралдарында да ашық жарияланауда.

Жәлел ШАЛҚАР,
«Ortalyq Qazaqstan»

Жемқорлық тәуекелдер картасы бар

Сала мамандары сыбайлас жемқорлық тәуекелдерінің картасын дәйекті түрде әзірлеп, сыбайлас жемқорлыққа қарсы мониторинг пен сыртқы талдауды бірдей жүргізген. Түрлі құралдар арқылы алдын алу тетігін енгізе отырып, оң нәтижелерге қол жеткізіпті.

Сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл агенттігінің Қарағанды облысы бойынша департаментінің ұсынысы негізінде техногендік минералдық қалдықтар қоймасын рекультивациялауға ысырап болуы мүмкін 6 миллиард теңгеден астам қаржыны орынсыз жұмсалудан сақтап қалған.

Мәселен, 2018 жылы бұрын «Қазақмыс» корпорациясы» ЖШС-не тиесілі ауданы 381 гектарды құрайтын аталған қатты тұрмыстық қалдықтар қоймасы бюджет қаражаты есебінен мемлекет меншігіне рекультивациялауға берілді. Әзірленген жобалық құжаттамаға сай бұл жұмыстың құны – 6,5 млрд теңге. Заңға жүгінсек, бұл шығындарды корпора-



Коллаж жасаған Айбек Рахымжан

ция өз мойнына алуы тиіс.

Алайда, департаменттің ұсынысымен жерді мемлекетке қайтарудан бас тартылған. «Қазақмыс» жауапкершілігі шектеулі серіктестігінің бұл шешім бойынша сотқа жасаған шағымы қолдау таппады. 2025 жылдың наурыз айында корпорацияның талаптарын қабылдамау туралы шешім заңды күшіне енді.

Кәсіпкерлік қызметтегі әкімшілік кедергілердің алдын алу жұмыстары жалғасып жатқан «Бизнеске жол» жобасы да назардан тыс қалмайтыны анық.

Мәселен, агроөнеркәсіптік кешенде мемлекеттік кірістер ор-

гандары берілген ветеринариялық анықтамалар мен бөлшек сауда бағаларының ұлттық статистикасы негізінде күтілетін кірісті есептеп, қосымша салықтар салу мәселесін де көтерген. Бірақ, заң бойынша ветеринариялық сертификат тек өнімді тасымалдауды реттейтіні және оның коммерциялық сатылғанын растамайтыны ескерілмеген.

Жүргізілген жұмыстардың нәтижесінде агроөнеркәсіп кешеніндегі кәсіпкерлерге қосымша салық салуға тосқауыл қойылып, салық органының заңсыз әрекеттерінен 900-ден астам кәсіпкердің құқығы қорғалған.

Мемлекеттік сатып алу жіті назарда

Мемлекеттік сатып алу мониторингі барысында Балқаш қаласының тұрғын үй-коммуналдық шаруашылық, жолашылар көлігі және автомобиль жолдары бөлімі жылу желілерін жөндеуге арналған сметалық құжаттамаға 270 млн теңге негізсіз шығындар енгізгені анықталған.

– Мемлекеттік аудит департаментінің ұсынысымен смета-лық құжаттама қайта есептеліп, үнемделген қаражатқа жылу магистралінің жұмыс көлемі бір жарым шақырымға (5 шақырым 800 метрден, 7 шақырым 300 ме-

трге дейін) ұлғайтылыпты. Бұл – 80 жеке үйді, 5 көпқабатты үйді және 2 әлеуметтік нысанды қосымша жылумен қамтамасыз етуге жететін қаржы. Мемлекеттік сатып алулардың барлығы департаменттің жіті назарында, – дейді Сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл агенттігінің Қарағанды облысы бойынша департамент басшысы Сергей Перов.

Есепті кезеңде департамент тарапынан мемлекеттік сатып алу порталында жүргізілген мониторинг нәтижесінде мемлекеттік органдар сатып алатын тауарлардың бағасының жоғарылатылғаны анықталды. Аталған мемлекеттік органдардың басшыларына (бюджеттік бағдарламалар әкімшілеріне) сатып алынатын тауарлардың бағасын қайта қарау ұсынылды. Бірінші тоқсанда атқарылған жұмыстардың қорытындысы бойынша үнемдеу сомасы 649 миллион теңгені құраған.

Быттыр құрылған мониторингтік топ сапасыз құрылыстың алдын алуға баса назар аударып, жол жұмыстарының сапасын зерттеп, нәтижесін жұрт назарына ұсынған.

Осылайша, «Қарағанды-Балқаш» тасжолын қалпына келтіру кезінде сапасыз материалдар мен асфальт төсеу әдістеріне жол берілмеді. Жоғарыда аталған олқылықтар кейіннен мердігерлер есебінен түзетіліпті.

Бақылаудың күшеюі 2024 жылдың соңына дейін асфальт төсеу жұмыстарының аяқталуына және төрт жолақты қозғалыстың ашылуына оң ықпал еткенін де атап өткен жөн.



ПРЕЗИДЕНТ ТАПСЫРМАСЫН ОРЫНДАЙ ОТЫРЫП...

Лауазымды тұлғалар жазасыз қалмайды

Бүгінде сыбайлас жемқорлық тәуекелдер картасы бойынша жұмыс тек профилактикалық іс-шаралармен шектелмей, жедел-іздестіру шаралары да жүргізіліп жатыр.

Осындай шаралардың нәтижесінде департамент мамандары 2025 жылдың 3 айында 8 қылмыстық құқық бұзушылықты анықтаған.

Мәселен, облыстық басқармалардың бірінің басшысы мен оның қарамағындағы қызметкерге қатысты сотқа дейінгі тергеу аяқталыпты.

– Басқарма басшысы жұмысты аяқтағаны туралы актісіне қол қойғаны үшін кәсіпкерден 1 миллион теңге пара алды деген күдікке ілінді. Сонымен қатар, ол және оның қарамағындағы қызметкер жалған жұмыс істейтін жұмысшылардың есепшотына жалпы сомасы 2,5 миллион теңгені құрайтын жалақы, сыйлықақы және іссапар шығындарын негізсіз аудару арқылы бір топ жеке тұлғалардың бюджет қаражатын жымқырды деген айып тағылып отыр. Айыпталушылар сотқа жіберілді, – деп атап өтті Сергей Николаевич.

Департамент мамандары жергілікті атқарушы органдармен бірлесе отырып, әр азаматтың, әр кәсіпкердің өзекті мәселелерін шешу үшін барлық қажетті шараларды қабылдауға дайын екенін айтыды.

Тазалық табалдырықтан басталады

Өңірде республикалық «Таза Қазақстан» экологиялық акциясы аясында сенбіліктер өтіп жатыр. Күні кеше Қарағанды қаласы әкімдігінің қолдауымен Құрылысшылар көшесі қоқыстан тазартылды. С.Мұқанов көшесінен Шахтерлер даңғылына дейінгі бес шақырымнан астам жерден коқыс шығарылды.



стамасын белсенді қолдаймыз. Ойткені, тазалық пен абаттандыру тек коммуналдық сала қызметкерлерінің ғана жұмысы



Ербол ЕРБОЛАТ,
«Ortalyq Qazaqstan»

Сенбілікке 100-ден астам ерікті қатысқан. Одан бөлек, «Lego Construction» мердігерлік ұйымының қызметкерлері, коммуналдық мекемелер өкілдері мен қала тұрғындары да атсалысты. Тазалық жұмысы таңертеңнен басталды. Түске дейін қатысушылар шашылған коқыс қалдықтарын, жапырақтар мен сынған бұтақтарды жинады. Протуарлар мен жол жиегіндегі қалдықтар күрелді.

– Біз «Таза Қазақстан» ба-

емес. Тазалыққа әрбір тұрғын жауапты. Ортақ іске жұмыла атсалысқан жерлестердің бірлігі қуантады. Осындай іс-шаралар жалпы қоғамды, оның ішінде жастарды мәдениеттілікке, жауапкершілікке тәрбиелейтіні сөзсіз, – деді ерікті Заңғар Серіков.

Алдағы уақытта қала аумағында әлі де тазалық шаралары өткізілімек.

Сурет
ұйымдастырушылардан

Инвестиция – игілік

Инвесторларсыз бизнес, ал, инвестициясыз экономика алға баспайды. Сондықтан да, елімізге мүмкіндігінше молырақ инвестиция тартуға ерекше көңіл бөлінуде. Бұл туралы Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаев «Жалпы, барлық мемлекеттік орган ел экономикасына мейлінше көбірек инвестиция тартуға баса мән беруге тиіс. Бұл – негізгі басымдық, олардың жұмысы да соған сәйкес бағалануы керек» деген еді. Алайда, инвестицияның тартымды болуына бірнеше маңызды фактор әсер етеді. Атап айтсақ, инвесторға қажетті инфрақұрылым мен нарық дайын болуы керек. Облыста бұл бағытта атқарылып жатқан жұмыс ауқымды.

Жәлел ШАЛҚАР,
«Ortalyq Qazaqstan»

Дерекке сүйенсек, кейінгі жылдары инвестициялар құрылымында ең көп көлем өнеркәсіпке (69,8%), жылжымайтын мүлікпен жасалатын операцияларға (12,2%), көлік пен қоймаға (6,4%), денсаулық сақтау мен халыққа әлеуметтік қызмет көрсетуге (2,1%), құрылысқа (1,3%), әкімшілік және қосалқы қызмет көрсету саласындағы қызметке (1,1%), көтерме және бөлшек саудаға (0,8%) бағытталған.

Соңғы 10 жылда тау-кен өнеркәсібіне инвестициялар 2,8 есе, өңдеу өнеркәсібіне – 2,6 есе өскен. Аймақта Қарағанды облысы әкімінің төрағалығымен құрылған инвестициялар тарту жөніндегі кеңес жұмыс істейді. Кеңестің қызметі нақты жобалардың проблемалық мәселелерін шешуге бағытталғанын атап айту керек.

Инвесторлармен жұмысты регламенттеу мақсатында Қарағанды облысының аумағында инвестициялық жобаларды сүйемелдеу тәртібі де әзірленіп, бекітілген.

Төртінші «Сарыарқа» ӘКК» АҚ мамандарын және «Kazakh Invest ҰК» АҚ өңірлік өкілдерін бастапқы кезеңнен бастап толық өндірісті іске қосуды жеткізгенге дейін инвесторларды сүйемелдеу бойынша іздестіруді және нүктелік бекітуді көздейді. Бұл жұмысқа барлық мүдделі мемлекеттік органдар (қалалар мен аудандардың әкімдіктері, облыстық басқармалар, даму институттары) тартылып отыр.

Дереккөздер былтыр Қарағанды облысы еліміздегі инвестиция тарту бойынша көш бастағанын айтады.

Қарағанды облысының өнеркәсіп және индустриялық-инновациялық даму басқармасы ұсынған мәліметке сүйенсек, 2024 жылдың қорытындысы бойынша негізгі капиталға салынған инвестиция көлемі 1,4 трлн теңгені құраған.

Бұл өткен жылдың сәйкес кезеңімен салыстырғанда 161% нақты көлем индексіне сәйкес келеді (2023 жылы – 876,5 млрд



теңге). Өсімге жұмыс істеп тұрған кәсіпорындардан белсенді инвестиция тарту, инвестициялық жобаларды іске асыру, бюджет қаражатын тарту есебінен қол жеткізілді.

Облыста 2024 жыл ішінде жалпы инвестиция көлемі 194 млрд теңгені құрайтын 13 жоба іске қосылған. Нәтижесінде 2,6 мың жаңа жұмыс орны ашылды. Іске асырылған жобалардың қатарында «Қызыл Арай мыс» ЖШС, «Микар Қарағанды» ЖШС, «GlobalLink Distribution» ЖШС, «KazMetKoks» ЖШС, «KarZTF» ЖШС, «OKS Kazakhstan» ЖШС бар.

Ал, 2025 жылы қарай негізгі капиталға 1,5 триллион теңгеден астам инвестиция тарту жоспарланып отыр. Бұл өсуді 101 пайыз деңгейінде қамтамасыз етеді.

Бүгінгі таңда, облыс аумағында бірқатар инвестициялық жоба жүзеге асыру жұмысы басталып

та кеткен. Жобалардың жалпы құны – 146 миллиард теңге. Толық жүзеге асса, облыстың 2700 тұрғыны жұмыспен қамтылады.

Ауыл шаруашылығы басқармасының мәлімдеуінше, облыстың агроөнеркәсіп саласына тартылатын инвестиция көлемі 107,1 млрд теңге деңгейінде жоспарланып отыр. Оның ішінде, ауыл шаруашылығының негізгі капиталына – 96,6 млрд теңге, тамақ өнімдерін өндіруге – 10,5 млрд теңге.

Жыл соңына дейін 308 жұмыс орнын құра отырып, 36,4 млрд теңге сомасына 24 инвестициялық жобаны жүзеге асыру көзделуде. Оның ішінде, мал шаруашылығында – 152 жұмыс орны құрылады. Онда 10,5 млрд теңгенің 6 жобасы бар.

Әзірленген агроөнеркәсіп кешеніндегі инвестициялық жобалардың Жол картасына сәйкес облыста 2025-2027 жылдар ара-

лығында 928 жаңа жұмыс орнын құра отырып, 115,3 млрд теңге сомасына 63 жобаны іске асыру жоспарланған.

Биыл агроөнеркәсіп кешенінде жаңа өндірістер құру мақсатында, СҚО тәжірибесі бойынша қаржыландыру бағдарламасы шеңберінде республикалық бюджеттен 8 инвестициялық жобаны асыру үшін 11 млрд теңге бөлу жоспарланған.

Қазіргі таңда осы жобалар бойынша жобалау-сметалық құжаттама әзірлену үстінде.

Биыл Қарағанды облысына осы мақсатта 322 жұмыс орнын құрумен 296 шағын несие беру үшін 2,0 млрд теңге қарастырылған.

Бұл қаражат, пилоттық негізде Ақтоғай, Бұқар жырау және Қарқаралы аудандарында «Бір ауыл – бір өнім» қағидаты бойынша кооперативтер құруға бағытталғанын атап өткен жөн.

Мәдениет және өнер қызметкерлеріне Қарағанды облысы әкімінің жыл сайынғы сыйақысын тағайындау жөніндегі конкурсын өткізу туралы Ереже

Мәдениет және өнер қызметкерлеріне мемлекеттік қолдау көрсету және ынталандыру, әлеуметтік статусын және еңбектерінің маңыздылығын арттыру мақсатында Қарағанды облысы әкімінің жыл сайынғы сыйақысын тағайындау жөнінде конкурс өткізіледі.

Жұмысшы мамандықтары жылы аясында, жұмысшы кәсіптерінің беделін арттыру, кәсіби шеберлікті ынталандыру және мәдениет және өнер саласындағы жұмысшы кәсіптерінің үздік өкілдерін көтермелеу номинациялар тізбесіне өзгерістер енгізілді. Тізімдегі «Жылдың театр режиссері», «Жылдың дирижері», «Жыл композиторы» номинацияларының орнына «Техникалық қызметтердің үздік қызметкері», «Көркемдік-қойылым бөлімінің үздік қызметкері» номинациялары қосылды – 2 сыйақы.

Конкурсқа қатысуға Қарағанды облысы аумағында қызметін іске асырып жүрген мәдениет және өнер қызметкерлері шақырылады.

Қарағанды облысы әкімінің сыйақысы аталған критерийлерді есепке ала тағайындалады:

- 1) қоғамдық және кәсіби танымал болған облыстың мәдениеті мен өнерінің сақталуы мен даму ісіне маңызды жеке үлес қосуы;
- 2) кәсіби шеберлігін үнемі жетілдіруі;
- 3) қызметінде инновациялық формалар мен әдістер қолдануы;
- 4) тиісті кәсіби жоғары білімінің болуы;
- 5) мамандығы бойынша 5 жылдан жоғары жұмыс өтілі.

Сыйақылар жыл сайын келесі номинациялар бойынша тағайындалады:

- «Жыл әртісі» – 2 сыйақы
- «Жылдың үздік эпизодтық рөлі»
- «Жылдың эстрада жанрының вокалисі»
- «Жылдың классика жанрының вокалисі»
- «Жылдың үздік инструменталисі» – 2 сыйақы
- «Жылдың үздік жеке аспапта орындаушысы»
- «Халық әнін үздік орындаушы»
- «Жыл хореографы»
- «Балет және хореографиялық ұжымының үздік әртісі»
- «Көркемөнерпаздар ұжымының үздік жетекшісі»
- «Демалыс уақыттын үздік ұйымдастырушы»
- «Ауыл мәдениетінің үздік қызметкері»
- «Ауылдың үздік кітапханашысы»
- «Үздік кітапханашы»
- «Үздік музей қызметкері»
- «Алтын жолақ»
- «Үздік айтыскер»
- «Жылдың үздік суретшісі»
- «Үздік архивист»
- «Техникалық қызметтердің үздік қызметкері»

«Көркемдік-қойылым бөлімінің үздік қызметкері» – 2 сыйақы

«Мамандығына адалдығы үшін»

Әкім сыйақысы қаражатының мөлшері облыстық бюджетте қарастырылған сома шенберінде тағайындалады.

Сыйақы конкурсы негізінде Қарағанды облысы әкімінің сыйақысына лауреаттар таңдау комиссиясы ұсынымы бойынша тағайындалады.

Әкім сыйақысына үміткерлікке ұсыну қалалық және аудандық мәдениет және тілдерді дамыту бөлімдері, облыстық мәдениет және өнер ұйымдары, сонымен қатар шығармашылық одақтар, корлар және қоғамдық ұйымдар тарапынан іске асырылады. Бір үміткер екі немесе одан аса номинацияға ұсыныла алмайды. Егер үміткер сыйақыны үш жыл бұрын алса, ол сол номинацияға қайта ұсынылуына рұқсат берілмейді.

Әкім сыйақысына ұсынылған үміткерлер 2 кезеңге бөлініп қарастырылады. Бірінші кезеңде – комиссия сыйақыға үміткерлерді конкурсқа қатысуға таңдайды, ал екінші кезеңде сыйақы тағайындау туралы шешім қабылдайды.

Әкім сыйақысына иегер болған тұлғаларға «Қарағанды облысының сыйақысы лауреаты» құрметті дипломы табыс етіледі.

Комиссияға қарастыруға: қысқаша өмірбаяндық ақпарат, ұсынылуға ұйымның ұсыным хаты, соңғы **3 жылдағы** ең маңызды жұмыстарды көрсететін шығармашылық мінздемесі, марапаттау дипломдары мен куәліктерінің көшірмелері, сюжеттік фотографиялары, 3x4 көлеміндегі электрондық нысандағы фотосурет, жеке куәлігінің көшірмесі, 20 сандық шоттың болуы туралы банктен анықтама тапсырылады.

Конкурсқа материалдар қолма-қол және terlyuikkultura@gmail.com электрондық мекенжайына қабылданады. Басшының қолы қойылған кандидатураға ұсынысты сканерленген нұсқада, қалған құжаттарды Word форматында жіберу керек.

Конкурсқа материал қабылдаудың соңғы күні – **2025 жыл 29-сәуір**.

Барлық сұрақтарыңыз бойынша Қарағанды облысы аумағында қызметін іске асырып жүрген мәдениет және өнер қызметкерлеріне тағайындалатын Қарағанды облысы әкімінің сыйақысы лауреатын таңдау бойынша комиссиясының жұмысшы органы – Қарағанды облысының мәдениет, архивтер және құжаттама басқармасына хабарласыңыздар (Бұқар жырау даңғылы, 32; 108 кабинет, анықтама тел. 425112).

Ғасыр кұрдасына кұрмет

Қарағанды облысында жеті Ұлы Отан соғысының ардагері бар. Солардың бірі Григорий Степенко биыл 100 жасқа толып отыр. Ардагердің мерейтойы және Жеңістің 80 жылдығына орай арнайы салтанатты жиын ұйымдастырылды. Салтанатта Әліхан Бөкейхан ауданының әкімі Досбол Құлекеев облыс әкімі Ермағанбет Бөлекпаевтың құттықтауын жеткізді.



Ербол ЕРБОЛАТ, «Ortalyq Qazaqstan»

– Бүгін – тарихи күн. Олай дейтіміз Григорий Петровичтің мерейтойы Жеңістің 80 жылдығымен тұспа-тұс келіп тұр. Біз сіздерді құрметтейміз. Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаев өз сөзінде Ұлы Жеңістің 80 жылдығына орай Астанада әскери шеру өтетінін айтқан. Осы шеруге аудандағы ардагерлер, тағдыры майдан даласымен байланысты барлық тыл ардагері қатысады, – деді аудан әкімі.

Григорий Петрович 1925 жылдың 10 сәуірінде Воронеж облысындағы Нижне Ровинка ауылында дүниеге келген. 1943 жылы Павлодар облысы Лозов аудандық әскери комиссариаты арқылы Қызыл Армия қатарына шақырылды. Алғашқы шайқасына 2-Украина майданында пулеметші ретінде қатысқан. Курск-Орел доғасындағы шайқасқа, Белгород, Харьков, Курск, Кёнигсберг және Варшава қаласын азат етуге қатысқан. 39-армияның 56-атқыштар полкі құра-

мында Қиыр Шығыста жапон әскерін талқандауға да қатысқан. Тіпті, бірнеше мәрте жарақаттаныпты. Осындай көзсіз ерлігі үшін Отан соғысы және III дәрежелі «Даңқ» орденімен марапатталған. Одан бөлек, бірнеше медальді де кеудесіне қадаған. Қарағанды облысының қорғаныс істері жөніндегі департаменті бастығының орынбасары, подполковник Еркебұлан Мұстағұлов та ардагерге тілегін білдіріп, Қорғаныс министрлігінің Құрмет грамотасын табыстады.

– Осындай адаммен бір ортада болу – біз үшін зор құрмет. Сіздің ерлігіңіз – тірі тарих. Бүгінгі ұрпаққа батырлықтың жарқын үлгісі. Сіздер азаттық жолында жан алып, жан бердініздер. Сондай ерлікті біздер, яғни, болашақ ұрпақ мәңгі жадында сақтайды. Сізді мерейтойыңызбен құттықтай отырып, бар жақсылықты тілеймін, – деді Еркебұлан Серікұлы.

Ардагер 1950 жылы жолдамамен Қарағандыға келген. Сол жылдары «Шахтоострой» басқармасына қарасты цемент зауытына жұмысқа орналасқан. 1951 жылдан бастап, теміржол саласы-



на келіп, бас жолсерік болып ауысады. 1981 жылы зейнеткерлікке шығып, одан кейін де қоғамдық жұмыстарға белсене араласқан. Ардагерлер ұйымы республикалық қоғамдық бірлестігінің аудандық филиалының төрағасы Марат Аймағанбетов те ардагерге ізгі тілегін жеткізді. Мерейтой иесі де жастарға алғысын айтып, тілегін жолдады.

– Сол кезде соғыс даласында қолына қару ұстап жауға қарсы шыққандардың басым бөлігі – жастар еді. Қазір заман басқа. Жастар бақытты. Кездесулерге барғанымыда «Сіз жау сарбаздарын талқандадыңыз ба?» деп сұрайды. Мен сонда «Егер мен бірінші болып атпсам, олар мені атар еді» деп жауап қайтарамын. Мен өте ауыр кезеңдерді бастан өткердім. Жастар, абыройлы өмір сүріп, бейбітшілік жолында жанын қиған жандардың еңбегін ұмытпаңдар. Біз сонда ғана қанмен келген азаттығымызды сақтап қала аламыз, – деді ардагер.

Суретті түсірген
Айдын ТОНТАЙТЕГІ

Жолы – темір, жаны – алтын

Президент тапсырмасымен бекітілген «Жұмысшы мамандықтары жылы» аясында өзі сүйген мамандық бойынша адал еңбек етіп, еліміздің өсіп-өркендеуіне үлесін қосып жүрген білікті мамандар баршылық. Бүгінгі кейіпкеріміз – «Қазақстан темір жолы – Жүк тасымалы» акционерлік қоғамы, Қарағанды облысы, Сұрыптау бекетіндегі ең жас электровоз машинистердің бірі – Айдарбек Төлеген. Ол паровозды – тепловоз, тепловозды – электровоз ауыстырған дәуірде еңбек етіп жатқан болашағынан үміт күттіретін жас маман.

Жәлел ШАЛҚАР, «Ortalyq Qazaqstan»

Айдарбек Рамазанұлы 2019 жылы Қарағанды Теміржол колледжін үздік бітіріп, Ә.Сағынов атындағы Қарағанды техникалық университетіне түседі. Еңбек жолын 2020 жылы электровоз машинисінің көмекшісі ретінде бастаған. Қазір электровоз машинисі.

– Машинист әрқашан зейінді, тиянақты болуы керек. Жолда түрлі оқиға орын алуы мүмкін. Қарағанды Локомотив депосында Соттүстікте – Астана, Оңтүстікте – «Ақадыр-Мойынты-Сарышаған» жолын қамтимыз. Жолды алдын ала болжап, мұқият қарап отыру қажет. Машинист бес, он, жүз, бес жүз сынды сапарлардың жауапкершілігін сезініп, сапарды жоспарлай білуі қажет. Ол пойыздың түріне де байланысты. Мәселен, жолаушылар немесе жүк пойызы. Әр пойыздың салмағына және жұмыс күніндегі ауа райына, күндіз бе, түн бе, бәріне қатысты ақпаратқа ие болуы тиіс. Пойыздың ішіндегі тежеу мүмкіндігін де білсе, құба-құп. Осының барлығын реттеп, ойда сақтап отыру керек, – деп атап өтті Айдарбек Рамазанұлы.

Әр жұмыстың өз қиыншылығы бар. Мұндағы басты жұмыс орны – жол. Әр жол – әр түрлі. Әр сапар бір-біріне ұқсамайды.

Айдарбектің айтуынша, теміржолшы болуды бала кезден армандаса да, машинист болуға айналасындағы жана-шыр жандар әсер еткен.

– Өйткені, Сұрыптау кентінің тұрғыны болғандықтан, маңайымда теміржолшылар көп болды. Олармен етене араластым. Олардың әңгімелері, сөздері, ойларын көңіліме қонатын. Сондықтан, осы жолды таңдадым. Мақсатыма жету үшін көп іздендім, білім

алдым, тайқыған жоқпын. Жұмысым өзіме ұнайды, – дейді ол.

Бұл жұмыстың да қиын тұстары бар. Психикалық, физикалық, интеллектуалдық жағынан мықты болуы талап етеді. Шындығында, олай емес. Машинист – үнемі ой үстінде. Жолды, өзі жүргізіп келе жатқан техниканың жай-күйін, аман-есен жетуін үнемі уайымдап отырады.

Мәселен, машинисттің алдында ток күшін көбейтіп, азайтатын тетік, тежегіш және пойыздың толық жағдайын көрсетіп тұратын көптеген датчик пен экран бар. Кейде теміржолға адам шығып қалуы кәдік. Арасында мал, жан-жануар кездеседі. Сондайда жылдам шешім қабылдауы тиіс. Кездескен тіршілік иесі де, пойыз да жапа шекпеуі маңызды.

Жүк пойыздың орташа есеппен ұзындығы – 800 метр болса, жолаушылар пойызының ұзындығы жүк пойызынан қысқа. Жүк пойызында тежегіштің жүйесі ауаға тәуелді болса, жолаушылар пойызында ток пен байланысты. Осы жағынан пойыз түрлерінің тежегіш жолының қызметі де әр түрлі. Бірі – қиындау, бірі жеңілдеу келеді.

– Бізде 1500-ге жуық адам жұмыс істейді. Оның көбісі – машинистер мен олардың көмекшілері. Күніне шамамен 50 пойыз – Астанаға, 50 пойыз Ақадырға жүреді. Айдарбек – жас маман. Жан-жақты әрі талапшыл жігіт. Түрлі қоғамдық шараларға да белсенді қатысады, – дейді Қарағанды пайдалану локомотив депосы бастығының орынбасары Асылбек Рамазанов.

Машинистің басты міндеттерінің бірі – өз техникасын қадағалау. Оған аманат ретінде қарап, дұрыс пайдаланып, зақым келтірмей, келесі ауысымдағы әріптесіне дің аман табыстауы керек. Теміржол ешқандай ауа райында тоқтамайды. Техникаға өз мүлкі ретін-



де көріп, ұқыпты қарауы міндет. Өз араларында «Жолымыз темір болса да, жанымыз – алтын» деген қалыптасқан сөз бар. Өйткені, мұндай жауапкершілігі мол жұмысқа екінің бірі бармайды. Осы себепті, теміржол саласына келетін адам мұны өмірлік тандауы ретінде сезінеді.

– Қырағы машинист теміржолда жұмыс істейтін басқа да мамандармен тығыз қарым-қатынас жасап, олардың да жұмысын білуге тырысады. Жұмыс ережесі бойынша локомотив бригадасы үнемі білімін толықтырып отырады. Кез келген жағдайда адам өмірін сақтап қалатын, жүкке зақым келтірмейтін – машинисттің білімі мен тәжірибесі, – дейді кейіпкеріміз.

Айдарбек жұмыстан тыс уақытта саламатты өмір салтын ұстанатынын айтады. 2020 жылдан бастап бері жүгіріске қатысады. Жарыстарға да қатысып тұрады. Түрлі қашықтықтағы және түрлі жағдайлардағы жүгіру эстафетасында бақ сынапты. Қарқаралыда өткен жүгіру жарысында ауа райы күрт бұ-

• ЖҰМЫСПЕН ҚАМТУ

Жаңа мамандыққа мүмкіндік

Қысқа мерзімді кәсіптік оқыту жұмыссыз адамдарға бірнеше ай ішінде еңбек нарығында талап етілетін кәсіптік білім мен дағдыларды алуда мүмкіндік береді. Жұмыс іздегендер аз уақыт ішінде слесарь-сантехник, электромонтер, жүргізуші, шаштараз, тігінші, маникюр шебері, аспаз, бухгалтер-кассир және тағы басқа да мамандықтарды оқып шыға алады. Биыл аталған курстарды 600-ге жуық адам оқымақшы.

Оқыту жұмыс берушілердің сұранысы бойынша оқу ұйымдарында және жұмыс берушілердің жұмыс орнында, сондай-ақ, сұранысқа ие кәсіптер тізбесі бойынша Skills Enbek оқыту порталында жүргізіледі.

Оқу Мансап орталығы, жұмыс беруші және оқу курсына үміткер арасындағы үш жақты келісім шарт негізінде жүзеге асырылады. Оқыту барысында мемлекеттік қаржылық қолдау қарастырылған. Атап айтқанда, медициналық тексеріске 2 АЕК, жол шығындарына – 4 АЕК, тұрғын үйді жалға алу – 10 АЕК және 43 574 теңге көлемінде шәкіртақы төленеді.

Облыстың жұмыспен қамтуды үйлестіру және әлеуметтік бағдарламалар басқармасының дерегінше, биыл қысқа мерзімді курстарда 595 адамды оқыту жоспарланған. Жұмыс берушілердің өтінімдері бойынша 510 адам, жұмыс берушінің жұмыс орнында 85 адам жаңа кәсіп меңгерген болатын. Олар электромонтер, жүргізуші, тігінші, шаштараз, үй электрігі, электр газбен дөңкерлеуші, флорист, сантехник, автомобиль жөндеу слесары, электро-слесарь, фрезер, токарь сынды мамандықтарды оқиды. Ал, бытыр қысқа мерзімді кәсіптік оқытудан 506 адам өткен болар. Таңдалған мамандықтар қатарында электр газбен дөңкерлеуші, тракторшы, қазандық машинисі, жабдықтарды жөндеу және қызмет көрсету жөніндегі слесарь, слесарь-сантехник, веб-дизайнер, тігінші мамандықтары бар.

Ажар МҰЗАФАРҚЫЗЫ,
СДУ-дің 4-курс студенті



ЖҰМЫСШЫ
МАМАНДЫҚТАРЫНЫҢ
ЖЫЛЫ

Сурет кейіпкер мұрағатынан

• ТАҒЫМ

Қос аққудай қалықтаған айдын көлде

Осыдан тура бір жыл бұрын қазақ тілі мен әдебиетінің асқан маманы, қара сөздің шешені, өлең сөздің шебері, Қарағандыдағы қазіргі Н.Нұрмақов атындағы қазақ мектеп-интернатында талай жасты тәрбиелеп, ұядан ұшырған ұлағатты ұстазымыз, ардақты ана Мәліш Шәріпқызы дүниеден озған еді. Ол кісінің өмірлік серігі, Ұлы Отан соғысының ардагері, мемлекет және қоғам қайраткері, жоғары мектеп ұстазы, ғұлама ғалым, экономика ғылымдарының докторы, профессор Талғатбек Әбдіразақовтың да қайтыс болғанына он жыл болған екен.

Бұл кісілердің өнегелі өмірі, ұстаздық жолы мен лауазымды қызметтері туралы баспасөз бетінде аз жазылған жоқ. Еңбектерінің қорытындысы том-том поэзиялық және прозалық шығармалар, ғылыми монографиялар болып жарық көрді. Арттарында мол мұра қалды, қалдырған іздері мәңгілік. Өздерінің жеке бастарының өнегесімен де, ішкі мәдениетімен де үлгі тұтарлық азамат екендіктерін көрсетіп кетті.

Содан болар, өңіріміздегі бетке ұстар ақиық ақын-публицистіміз Серік Ақсұңқарұлы осы кісілер туралы жазған мақалаларына «Қыдыр қонған шаңырақ», «Бір үйде – екі тұлға» деген тақырып қойып, ғасыр басында-ақ, көздерінің тірісінде лайықты баға беріпті. Қандай тамаша теңеу, боямасы жоқ, өмірдің өзінен алынған ақиқат! Ақын қиялы ұшқыр келеді, сөзі киелі, өзгелерге қарағанда бір сәт болса да ілгері жүреді, болашақты болжай алады!

Біз үшін Мәліш Шәріпқызы алдымен қазақ халқының ұлы тұлғалары Абаймен, Мұхтармен, біз оқыған жылдары енді ғана ақталып, халқымен қайта қауышқан Бейімбет, Ілияс, Сәкендермен алғаш таныстырған, жалпы қазақ әдебиетінің інжу-маржандарын теріп берген мұғаліміміз еді. Мәкең сабақ бергенде ұйып тындамайтын оқушы болмайтын, ол кісі сөйлемдерді түйдек-түйдегімен, көркем тілмен жеткізетін. Сол кездің өзінде-ақ бойына ақындық қасиеттер дарығандығы сөзсіз. Сөзім дәлелді болу үшін шәкірті ретінде өзіміз кұә болған мына бір оқиғаны атап өтейін.

1960 жылдың қысында Қарағандыға Қазақстанның қырық жазушысы қатар түзеіп келе қалды. Содан ақын-жазушылардың үлкен бір тобы қаланың қак ортасындағы біздің №2 мектеп-интернатқа келді. Шәкірттердің, ұстаздардың өмірімен, оқу-тәрбие жұмысымен танысты. Жастарға арналған жалынды өлеңдерін оқыды.

Ұстаздар атынан құттықтау сөз сөйлеу Мәкеңе жүктеліпті. Міне, осы көріністі жергілікті жазушы Жайық Бектұров былай баяндайды:

«Қадірлі қонақтарды құттықтап, қайыры сапар тілеп, мұғалімдердің бірі мінбеге көтерілді. Балақ баулы бала құстай талдырмаш қана қараторы келіншек сөйлеп кетті. Қазақ совет әдебиетінің небір көсемдері мен шешендері отырған орындарынан селт етпей, тастай қатты да қалды. Қараторы сүйкімді келіншек кешегі-бүгінгі қазақ әдебиетінің жастар өміріндегі ғибратты өнегесін төгіп-төгіп айтып, ақындардың жанын тербетті. Белгілі ақын-жазушылардың бәрі де көз алдарына ертедегі Қарлыға, Құртқа, Назым, Жібек, Ханшайым, бертіңгі Сара, Шолпан, Күләш тәрізді әйгілі қазақ қыздарының аяулы бейнесін елестеткендей болды. Таңдайынан бал тамған шешен-ұстаз осы мектептің әдебиетіші мұғалімі Мәліш Шәріпова еді...».

Жәкеңнің айтуынша «Қазақ әдебиеті» газетінің сол тұстағы редакторы З.Қабдолов орнынан ұшып тұрып, Мәліштің қолындағы сөзінің мәтіні жазылған дәптерді қолқалап, бойтұмардай қалап алды да, кешікпей сол күйінде газетіне жариялайды. Содан былай Мәкеңді, біздің мұғалімімізді Алматы жазушылары «шешен қарындас», «шешен Мәліш» деп атап кетіпті.

Ақыры ол кісінің ақындық дарыны қауызын жарып шықты. Өмірінің соңғы кезеңінде төрт поэзиялық, екі прозалық кітабы жарық көрді. Кейінгі екі кітаптың бірі асыл жары, Отан соғысының қайсар жауынгері, кезінде Қазақстан ЛКЖО ОК 1-хатшысы, Қарағанды, Гурьев қалалық партия комитеттерінің хатшысы, ҚарМУ-дің деканы, кооператив институтының ректоры болған экономист-ғалым Талғатбек Әбдіразақовтың өміріне арналса («Қыран ғұмыр», 2016 ж.), екіншісінде өзінің өмір белестерін баян етеді («Ой-өрнек», 2016 ж.).



Кітаптарын құрастырып, мақалалары мен естеліктерін, өлеңдерін теріп, баспаханаға тапсыруға өзінің бір кездегі шәкірттері мен сінділеріндей болып кеткен қаламгерлер Рымкеш Смайылова, Гүлнар Бұқарбаева, Сағат Батырханова мен Марал Хасеновпен осы жолдар авторы біраз еңбек сіңірді.

Мәкең мен Тәкең бақытты да баянды ұзақ ғұмырларын қос аққудай қатар жүзіп, әсемдікпен өткізген адамдар. Ақын ұстазымыз сүйікті жарына деген өзгеше өрілген ықылас-ниетін ерекше сыйластықпен, көрікті ойларымен жеткізіп отырады. Тәкеңе арнаған өлеңдерінің өзі бір жинаққа пара-пар. «Отасын Алланың әр күні аузынан тастамай, бір шаңырақтың астындағы 65 жыл 6 айлық ғұмырын, екі ұл, бір қыз тәрбиелеп өсірген, немере, шөбере сүйген бақытты өмірін еске алудан Мәліш апай ешқашан жалықпайды. Алланың берген сыйы, табиғат берген таланты өлең өріп, естелік жазатын қасиет-қабілетін ерінің жолына, оның бағы мен бақытына құрбан еткен бір әйел болса – ол осы Мәліш апай», – деп жазыпты әріптесім, халықаралық журналист Сағат Батырханова. Қысқа да нұсқа тұжырым!

Шынында да Мәліш апай Алматыдағы алайын деп тұрған аспирантурада қалмай, азаматқа берген уәдесінде тұрып, Тәкеңмен тұрмыс құрады, Қарағандыға келеді, ерінің жұмыс бабымен Алматыда, Атырауда тұрады, 7 жыл Мәскеуде оқытады (оның төрт жылы жоғары партия мектебі, үш жылы қоғамдық ғылымдар академиясы). Үш баласын бағып-қағып, мектеп-интернатта ғибратты қызметін жалғастырып, Қарағандыда қала берді. Тіршіліктің ешқашан бітпес шаруаларына алаңдата бермей әуелі кандидаттық, кейін докторлық диссертациясын қорғауға барлық жағдай жасады. Қазақ әйелі үшін бұл ерлік емей мемене?!

Асыл жары Талғатбек Әбдірахманұлының басынан кешкен ауыртпалықтарын, өздерінің бірге өткізген өмірлерін Мәліш апай былай деп бір-ақ абазқа сыйғызған екен:

«Тәкеңнің өміріне төрт оқиға салмақ салып өтті. 1931 жылғы аштықта жетім қалып, балалар үйінде өсті. Ұлы Отан соғысы жылдары екі рет ауыр жараланып, еліне мүгедек болып оралды. Республика комсомолдарының 1-хатшысы болып жүргенде орталықтың басшыларын сынап, ақыры орнынан алынды. 1986 жылғы Желтоқсан көтерілісіне байланысты қазақ

студенттерінің проценті басым деген сылтаумен институт ректорлығынан алынды. Осының ешқайсына мойымады. Қасқайып тұрып қарсы алды. Ғылымда, білімде қажымады, талмады. Жеті жыл Мәскеуде оқыған оқымысты азамат еді. Сондағы марксизм классиктерінің, Плехановтың, Сперанскийдің және т.б. еңбектерінің конспектілерін кейінгі кезге дейін сақтап келді. Солардың пайдасын ғылыми еңбектер, экономикалық білімдер туралы шолу тұрғысындағы оқулықтар жазғанда көрді. Балаларын, немерелерін тәрбиелеуге, білім беруге үлкен көңіл бөлді. Мені Тәкең сияқты азаматпен қосқан тағдырыма ризамын».

Сол ризалығын Мәліш Шәріпқызы өмірлік жары Талғатбектің рухына арналып, өлеңдер, мақалалар мен естеліктерден құрастырылған «Қыран ғұмыр» атты жинақпен білдірді (құрастырушы осы жолдардың авторы).

Естеліктерінен бұл кісілердің қазақтың маңдайына біткен асыл ұлдары Жұмабай Шаяхметов, Жұмабек Төшенов, Ермұхан Бекмаханов, Әлімхан Ермеков, Қаныш Сәтбаев, Әлкей Марғұлан, Мұхтар Әуезов, Шапық Шокин, Шәкен Айманов, тағы басқа тұлғалармен жақсы араласап, пікірлескенін көреміз.

Кітапта отты жылдарды бірге кешкен кешегі майдангерлер Мәлік Имановтың, Қали Аманбаевтың, Тишбек Ахановтың, замандастары мен талантты шәкірттері Әбілқас Сағыновтың, Зейнолла Молдахметовтың, Әбілда Әлімбаевтың, Ерқара Аймағамбетовтың, Рашид Кареновтың, Рымбала Омарбекованың, Темірбек Дулатбекұлының, Сайран Улаковтың естеліктеріне, жазушы-журналистердің осы бір құт дарыған отбасына, көрнекті ғалымның еңбектеріне арналған мақалаларына орын берілген.

Бір сөзбен айтқанда, абыз ұстаздар Мәліш Шәріпқызы мен Талғатбек Әбдірахманұлы ғибратты, өнегелі өмір сүрді. Олардың жүрген жолдары, ұстаған ұстанымы бүгінгі жастарға қараңғы аспанда жол салатын жарық жұлдыздай дер едік.

Жандарың жәннатта, тәндерің рахатта болсын, сүйектері асыл жандар!

Аман ЖАНҒОЖИН,
шәкірті, Қазақстанның Құрметті журналисі

Қайран біздің әкелер арды ойлаған!

Женіс таңы атқалы қанша жыл өтсе де, соғыстың зардабы көп адамның жүрегінде қалып қойды. Ұлы Женіс күні ел мен жер үшін жанын пида еткен, туған-туысқандарына, жақын-жарандарына, туған жеріне, ауылына оралмай қалған қаһарман ерлерді бүкіл ел болып еске түсіреді. Кеңес Одағының жауды талқандап, жеңіске жетуіне қазақ халқы да лайықты үлес қосты. Соның бірі – соғыстағы ерліктері үшін II және III дәрежелі «Даңқ» ордендері және «Қызыл Жұлдыз» ордендерімен марапатталған әкем – Түскей Нұрланұлы.

Әкем Ақтоғай ауданы, Шабанбай би округіне қарасты Қасабай бөлімшесіндегі Шылыбыр өзенінің бойында дүниеге келген екен. Соғыстың алғашқы жылдарында жаңа құрылып жатқан артельдер мен колхоздарға мүше болып, үлкендермен бірге түрлі жұмыстар атқарып жүргенде соғыс басталып, бір топ ауылдастарымен бірге соғысқа кете барды. Олардың ешқайсысы майдан даласынан қайтып оралмады.

Әкем соғысқа 1941 жылы Қарағанды облысы, Қоңырат ауылынан аттанған. Майдан даласындағы соғыс қимылдарына I Украина майданы, 66-атқыштар дивизиясы, 235-атқыштар полкінің құрамында 1942 жылдың қазан айынан кіріскен. Басқыншылардың тегеурінді шабуылын тойтарып отырып, көптеген жерлерімізді жау қолынан азат етуге бар күшін салды. 1943 жылы тамыз айында Харьков қаласы үшін болған қарды шайқаста аяғынан жараланады. Одан емделіп шығып, қайтадан майдан даласына аттанады.

Житомир қаласын азат ету үшін болған қиян-кескі айқаста тағы да аяғынан жараланады. Біраз уақыт госпитальда емделіп, ұрыс қимылдарына жарамағандықтан елге оралған.

Тылда 3 баламен қалған шешеміз Рысты Түсіпбекова сауыншы болып жұмыс істейді. Әкесі майданға кеткенде 8 жастағы ұлы бұзау бағады. Анамыз да, ағамыз да тыл еңбеккерлері.

Елге келген соң өмірінің соңына дейін ауыл шаруашылығында еңбек етті, бригадир болды. Отанымыздың соғыстан кейін оңалып кетуіне өзінің ірілендіру кезінде «Өндіріс» колхозы мен «Ұлы Октябрь» колхозы бірігіп, «Қуаныш» колхозына қоныстанып, егіс бригадирі болды. Егін етті, астық жинады. Ақдала деген аймаққа Ақтоғайдың «Ақ бидаймен» қамбаны толтырды. Бейбіт дәуірдің «Еңбек ардагері» болды. Сол еңбегі үшін 1956 жылы Мәскеудегі «Халық шаруашылығы» жетістіктері



көрмесіне шақырылды.

Әкем өнерден де кенде емес еді. Құрдасы Манарбек Ержанов «Паровозды» шықпағанда әкем өзінің қоңыр дауысымен «Көк-жөтел» әнін айтатын.

Әкем өзінің соғыстан оралмаған дос, құрдастарының отбасына қамқорлық жасап тұрды. Қолынан келген көмегін аяған жоқ. Тіршілігінде оларды сағынышпен еске алатын. Көп замандастарының майдан даласынан қайтпай қалғанына, құлын-тайдай бірге өскен құрдастарының ғұмыр желкендерінен туған даласының самал желі еспей қалғанына жүрегі жылайтын. Сол сағынышын өзімен бірге алып кетті. Әкеміз өкінішке қарай соғыс салған жарақаттың кеселінен 1967 жылы небары 62



жасында өмірден өтті.

Ес білгелі әкемнің өнегелі жолдары мен қанжырлық істерін көріп өстім, өткен жолдарынан үлгі алдым.

Анам Рысты Түсіпбекқызы екеуі шаңырақ құрып, ұрпақ тәрбиеледі. Анамыз 1996 жылы 80 жасқа қараған шағында өмірден озды. Сұм соғысты жеңуге тыл еңбеккерлерінің де еңбегі ұшан-теңіз. Шешеміз де, үлкен ұлы Әзімхан Нұрланов та – тыл ардагерлері.

Сұрапыл соғыс пен бейбіт еңбекте қиындықтан қаймықпаған аяулы әкемді сағынышпен еске аламын. Мақтан тұтамын. Әкем майданнан оралған соң дүниеге келген сәбиімің. Әкем мені қатты жақсы көретін. «Украина даласынан өзіммен бірге келген құлыным», – деп айналатын.

Әке-шешеміздің бейбіт өмірге қосқан, тәрбиелеп өмірге жолдама берген мұрагерлеріміз. Ержеттік, оқыдық, еңбек етіп, ата-анамыздың өмірін жалғастырушы ұрпақтың.

Ұлы Женістің 80 жылдық тойын дүниежүзімен бірге қарсы алғаным Аллаға шүкіршілік етемін.

Енді соғыс болмасын! Әкелеріміз орнатқан бейбіт ғұмыр өз жалғасын таба берсін!

Гүлхайыр ТҮСКЕЕВА,
қызы, ардагер ұстаз



Электрондық пошта:
ortalyk.kaz
@mail.ru

43-21-55

Жарнама бөлімінің байланыс телефоны

Қарағанды облысы бойынша ішкі мемлекеттік аудит Департаментінде мемлекеттік қызметшілерінің ар-намыс Кодексінің, мемлекеттік қызмет және жемқорлыққа қарсы күрес туралы заңдарының нормаларын Департамент қызметкерлерінің бұзу фактілерін хабарлау үшін 9:00-18:00-ге дейін жұмыс тәртібінде 56-31-35, 56-25-82 сенім телефондары қызмет етеді. Жеке және заңды тұлғалардың өтініштеріне арналған электрондық мекенжайы fink.kar@minfin.gov.kz

д

Қарағанды Шинсервис

SHINMAX CENTRA

NORTEC

ШИНАЛАР

ЖЕҢІЛ АВТОКӨЛІКТЕРҮШІН •
ЖЕҢІЛ ЖҮК КӨЛІКТЕРІҮШІН •
ТРАКТОРЛАР ЖӘНЕ •
АУЫЛШАРУАШЫЛЫҒЫ •
ТЕХНИКАЛАРЫҮШІН •
АРНАЙЫ ТЕХНИКАЛАРҮШІН •

XBRI iUNK

Қарағанды қ.,қойма:Асфальтная көш., 22, дүкен: Бытовая көш., 14/1

8 707 80 35 800

shynservice

• «ҚАРАҒАНДЫ КӨКТЕМІ»

Қазақ прозасы көшіп келгендей...



«Қарағанды көктемі» – қаламгерлердің басын Қарағандыда қосатын дәстүрлі фестиваль бұл. Аталған алкалы басқосуға прозашылар Арқа жеріне ат байлады. Әр өңірдегі жазушылардың жүзесіп, прозадағы келелі мәселелерді кеңінен талқылап тұрғаны алғаш осы екен. Екі күнге созылған республикалық ұлттық проза фестивалі – Қарағанды қаласының әкімдігі мен Қазақстан Жазушылар одағының облыстағы филиал арасындағы айтулы жобасы.

Қасымхан БҮРКІТҮЛЫ,
«Ortalyq Qazaqstan»

Фестивальдің салтанатты ашылу рәсімі Қарағанды зерттеу университетінің филология факультетінде өтті. Өйткені, бұл Арқа жерінен талай ақын-жазушылардың қанатын қатайтқан қасиетті қара шаңырақ.

Алкалы басқосуды Абай атындағы Мемлекеттік сыйлықтың иегері, ақын Серік Ақсұңқарұлы ашып беріп: «Қарағанды – жазушылардың өз елі. Былтыр поэзия тойы дүркіреп өткен еді. Биыл прозашылар тұңғыш рет бас қосып отыр. Тарихи сәт. Арқа жеріне менің кешіме Алтай мен Атырау, Алатау мен Арқадан ақындар келген еді. Міне, той жалғасып, жазушылар жиналып жатыр. Қарағанды қашан да қаламгерін қадір тұтады. Той құтты болсын!», – деп ақ батасын білдірді.

Мәдениет және ақпарат министрлігі жанындағы Геральдикалық зерттеу орталығы басшысының міндетін атқарушы, ақын Шерхан Талап министр Аида Балавананың фестивалге жолдаған құттықтау хатын оқып беріп, сәтті өтуіне тілектестігін білдірді. «Қазақ газеттері» ЖШС Бас директорының орынбасары Қамбар Ахмет ертерден Қарағанды әдеби ортасының қуатты екенін айта өтіп, қазір де игі істің бастамашысы, руханияттың ордалы орталығына айналғанын айтты.

Е.Бөкетов атындағы зерттеу университетінің Стратегиялық даму жөніндегі проректоры Ербол Сармурзин әдебиеттің әлді мектебі филология факультетінде екенін мақтанышпен жеткізді.

Салтанатты рәсімнен соң университеттің жаңа кітапханасында министрлік жанынан құрылған «Алқа» әдеби-мәдени клубының көшпелі отырысы өтті. Дөңгелек үстелде проза жанрының бүгінгі жай-күйі кеңінен талқыланды. Модератор – Геральдикалық зерттеу орталығы басшысының міндетін атқарушы, ақын Шерхан Талап.

Алғашқы сөзді алған әдебиеттанушы, ғалым Жансая Жарылғап бүгінгі прозашылардың шығармашылығына жан-жақты талдау жасады. Белгілі сыншы, әдебиеттанушы Әлия Бөпежанова «Прозаны көтереміз десек, сынды жолға қойғанымыз жөн», деді. Мұнымен қоса, баспа ісіне қатысты, грант тағайындау жөнінде мәселелерге де назар аударды.

Жазушы Асқар Алтай жас сыншыларды қалыптастыру керектігін айтады. Түрлі мемлекеттік байқауға сапасыз дүниелер ұсынылып жатқанын алға тартты. Жазушы Айгүл Кемелбаева қазақтан шыққан тұлғаларды көркем образ ретінде насихаттау керектігін, фантастика жанрын жаңғырту қажеттігін алға тартты.

Жазушы Нұржан Қуантайұлы қаламгерлердің әлеуметтік мәселесін көтерді. Жазушылар университет, колледж қабырғасында қазіргі қазақ әдебиетінен сабақ берсе, Оқу-ағарту министрлігімен бірлескен жоба әзірленсе, игі іс болатынын жеткізді.

Жазушы, аудармашы Кенжебай Ахметов кітап баспа ісіндегі, оның ішінде аударма жұмысының жай-күйіне қатысты қалыптасқан аудармашылар командасын жасақтау жөнінде ұсыныс білдірді. Ал жазушы Серік Сағынтай қазақ прозашыларының еңбегін шетел тіліне аударып, қазақ шығармаларын әлем таныса деседі.

Белгілі драматург Думан Рамазан да аударма ісін жетілдіру жөнінде ой қосты. Қаламгер Қамбар Ахмет балалар оқитын жаңа шығармаларды жарыққа шығару қажеттігі туралы ойын ортаға салды. Кітап басып шығарудан бөлек, оның сөреде сақталып қалмай, оқырманға жетуі жөніндегі жұмысқа жүйе керектігін жазушы Есболат Айдабосын айтты. Этнограф жазушы Ұларбек Нұрғалым қазақ әдебиетін экранға шығару жөнінде ауқымды жоба қажет деген пікірде.

Ғалымдар Жандос Смағұлов, Саржан Такиров ауыл тақырыбындағы прозаның жазылғанын, енді қала балалары оқитын

шығарма керектігін алға тартса, жазушы Мадина Омарова да осы ойға қосылды. Этнограф жазушы Төрехан Майбас ұлттық прозаның деңгейіне алаңдайды.

Модератор Шерхан Талап дөңгелек үстелде қозғалған барлық мәселені түртіп алғанын, министрге жеткізетінін айтты.

Фестивальдің келесі күнінде жазушылар Долинка кентіндегі қасиетті ҚарЛаг саяси-тұтқындар лагерінің мұражайына барып, мұнда жазықсыз жапа шеккендердің рухына тағзым жасады.

Қазыналы Қарағанды тарихының бір бөлшегі – Майқұдықтағы кеншілер музейінде. Ұйымдастырушылар жазушыларды сол жерге де апаруы тегін емес. Қарағанды қаласы, өндірісі жайлы өлмес шығармалар жазылғаны көп дүниені аңғартады.

Фестиваль Қасым кітапханасында қорытындыланды. Ұйымдастырушылар басқосу барысында жабық бөйге жариялаған болатын. Жазушы Қанат Әбілқайырдың прозасы үздік деп танылып, жеңімпазға «Қасым» баспасынан шыққан Мұхтар Мағауиннің 26 томдығы табыс етілді. Мұнымен қоса, Ақтоғай, Нұра, Шет, Бұқар жырау, Қарқаралы аудандары бес жазушыға сыйлық тағайындады. Әлихан Бөкейхан атындағы сыйлық Дидар Амантайға, Кәмел Жүніс атындағы сыйлық Думан Рамазан мен Мадина Омароваға, Бүркіт Ысқақұлы атындағы сыйлықты Әлия Бөпежановаға, Ғабиден Мұстафин атындағы сыйлық Асқар Алтайға, Ғабдиман Игенсартов атындағы сыйлық Айгүл Кемелбаеваға берілді.

«Фестивальді алғаш өткізген жылдан бері 100-ден аса қаламгер келіп кетті. Әр өңірден. Бұл жолы прозашыларды жинадық. Бүгінгі әдебиетті, прозаны талқылады. Осы орайда, қолдау көрсеткен қалалық әкімдікке, аудан әкімдеріне және Е.Бөкетов атындағы Қарағанды зерттеу университетіне зор алғыс айтамын, – дейді Қазақстан Жазушылар одағының өңірдегі өкілі Жанат Жаңқашұлы.

Ұйымдастырушылар қазақы дәстүрмен алыстан ат арытып келген қонақтардың иығына «Қарағанды көктемі» белгісі бедерленген бренд шапан жапты.

Сурет ұйымдастырушылардан

Жігер жеңіске жеткізді

(Соңы. Басы 1-бетте)

Былтырғы маусым қорытындысы бойынша «Кеншілер» Премьер-Лига ойындарынан алғаш рет қатардан шығып қалған еді. Десе де, команда қатары жаңа ойыншылармен толығып, қорғанысты да, шабуылды да күшейтті. Ал, команданың бас бапкері болып Андрей Финонченко тағайындалды.

Бірінші лигадағы алғашқы кездесу жерлерстердің пайдасына шешілді. Ойынның 20-шы минутында «Кеншілер» шабуылды үдетті. Оң қапталдан өрбіген шабуыл барысында доп кенет қарсылас команда қорғаушысының алдына түседі. Бірақ, ол қателікке бой алдырып, допты алаң ортасына қарай тепкен. Осы сәтте «шахтерлік» шабуылшы Диас Калыбаев доптың әуеге көтерілген сәтінде қақпаны нысанаға алып, шабуылды нәтижелі түйіндеді. Есеп – 1:0. Бірақ, қарсыластар да

ды. Араға үш минут салып, жерлерстер есепте алға шықты. Гол авторы – қорғаушы Олжас Керімжанов. Шабуылшы Диас Калыбаев стандартты жағдайдан допты ойынға қосып, қарсылас қақпасына қарай асырған еді. Осы сәтте Олжас допты еш қателіксіз қақпаға бағыттап, қақпашыдан айласын асырды. Осылайша «Шахтер» бір гол айырмашылығымен жеңді.

Бас бапкері Андрей Финонченко «Түркістанға» қарсы өткен матч жайында өз пікірін білдірді.

– Ойын оңай болған жоқ. Алаңның сапасы командамызға комбинациялық футбол көрсетуге мүмкіндік бермеді. Дегенмен, бірінші таймда бірнеше голдық мүмкіндік жасап, соның біреуін ғана жүзеге асыра алдық. Қарсылас команданың қарымта шабуылға иек артатынын білдік. Сондай сәттердің бірінде гол жіберіп алдық. Одан кейін қарсыластар қорғаныста ойнап, ойын күрделене түсті. Ойыншылардың жеңіске



қарап қалмады. 36-шы минутта Рамазан Әли Оғлы таразы басын теңестіріп кетті. Осылайша кездесудің бірінші айналымы тең есеппен аяқталды.

Команда сапында жаңа ойыншылар көп. Бас бапкер сол ойыншыларға екінші таймда алаңға шығуына мүмкіндік берді. 46-шы минутта Айдос Таттыбаев мансабын енді бастап келе жатқан 20 жастағы Максим Комиковка, жартылай қорғаушы Юрий Перцух биыл ғана петропавлдық «Қызылжардан» ауысып келген Рафаил Оспановқа алаңдағы орнын босатты. Ал, 80-ші минутта 18 жастағы жартылай қорғаушы Мирас Ділмұратты қосалқы құрамдағы Эльхан Саидовпен алмастыр-

деген жігері нәтижелі ойынға ұласып, стандартты жағдайдан жеңіс добын соқтық. Бұл – жаттығу кезінде жүйелі түрде назар аударатын элементіміздің жемісі. Команда нағыз мінез көрсетті, – деді ол.

Осы лиганың былтырғы маусымында «Алтай», «Екібастұз», «Каспий» және «Хан-Тәңірі» сынды клубтары тамаша нәтиже көрсеткен еді. Биыл жоғарыда аталған үш клуб – басты фаворит. Ал, лига қорытындысы бойынша турнир кестесінде I және II орын алған екі клуб жоғарғы Премьер-Лига ойындарына жолдама алады.

Суреттер клубтың әлеуметтік желісіндегі парақшасынан

БІРІНШІ ЛИГА

Алғашқы айналымның ойын кестесі

18 сәуір Шахтер – SD Family	15 мамыр Шахтер – Ақтөбе 2	19 маусым Жетісай – Шахтер
25 сәуір Хан-Тәңірі – Шахтер	22 мамыр Қайрат 2 – Шахтер	26 маусым Шахтер – Оңтүстік Академиясы
1 мамыр Шахтер – Ertis	28 мамыр Алтай – Шахтер	3 шілде Тараз – Шахтер
8 мамыр Екібастұз – Шахтер	12 маусым Шахтер – AKAS	10 шілде Шахтер – Каспий Ақтау

• ХОККЕЙ

Хоккей аламаны аяқталды

Ербол ЕРБОЛАТ,
«Ortalyq Qazaqstan»

Биылғы хоккей маусымы қарағандылық «Сарыарқа» үшін тәмам. Ел чемпионатында үздік өнер көрсетіп, екінші жыл қатарынан қола жүлдеге қол жеткізді. Күні кеше хоккейшілеріміз Karagandy-Arena мұз айдынында жанкүйерлерімен кездесіп, маусымды қорытындылады. Жанкүйерлерімен кездесу кешіне Қазақстан хоккей федерациясының атқарушы директоры Алексей Мамонтов пен ҚХЛ жарыстарын өткізу департаментінің директоры Сергей Козлов арнайы қатысып, хоккейшілерді жанкүйерлер алдында марапаттады.



лов та сөз алып, ерекше әсерімен бөлісті.

Жерлерстер 1/4 финалда «Алматы» клубымен кездескен еді. Қос команда арасындағы ойын ұзаққа созылды. Алтыншы кездесуде жерлерстер қарсыластарын 3:2 есебімен жеңіп, жалпы есепте таразы басын теңестірген еді. Сол кезде команда капитаны Дмитрий Стулов әріптесі Глеб Зайцевке шығарған пасы нәтиже тіркеген. Қарсылас қақпасына енген сол шайба командатағы бір мүмкіндік сыйлап еді.

– Біздің мақсат – чемпион атану еді. Бірақ, хоккей – тосын жайттарға толы ойын түрі. Кей жерде сәттілік жетіспеді. Кейде өзімізден де қателіктер болды. Соған қарамастан жүлде алып, жанкүйерлерімізді қуанта алдық, – деді капитан.

Отырыстан кейін жанкүйерлер үшін түрлі-түсті шоу-бағдарламалар мен балаларға арналған қызықты ойындар ұйымдастырылды. Ал, команда ойыншылары жанкүйерлерімен естелік суретке түсті.

Сурет клубтың баспасөз қызметінен

ORTALYQ
QAZAQSTAN

Қарағанды облыстық қоғамдық-саяси газет

Құрылтайшысы: облыс әкімдігі

МЕНШІК ИЕСІ: «Saryarqa Aqparat» ЖШС

Директор
Қайрат Жүнісулы ӘБІЛДА

Директордың орынбасары
Оксана Вячеславовна МЯГКИХ

Директордың орынбасары
Ғалия Боранқұлқызы БАСТЕНОВА

Бас редактор
Е.К. МҰСАБЕК
Бас редактордың орынбасары
Қ.А. АЙТЖАН
Сайт редакторы
І.Д. МҰҚАЙ
Жауапты хатшы
С.Б. ПЛИЯШ

Телефондар:

Бас редактор: 43-38-53
Бас редактордың орынбасары: 43-58-08
Интернет-редакция редакторы: 43-38-33
Жауапты хатшы: 43-49-72
Жарнама, факс: 43-57-82, 43-21-55;

Меншікті тілшілер:

Ақтоғай, Шет, Балқаш,
Приозерск: 8-702-293-13-70
Қарқаралы, Нұра,
Осакаров: 8-702-216-73-50
Теміртау, Саран, Шахтинск, Абай,
Бұқар жырау: 8-775-189-33-19

- Жарияланған мақала авторларының пікірлері редакция көзқарасын білдірмейді.
- Жарнамалар мен хабарландырулардың мазмұнына жарнама беруші жауап береді.
- Газетте жарияланған материалдарды сілтемесіз көшіріп басуға болмайды.
- Материалдың жариялану ақысы төленген ☑

Газет Қазақстан Республикасы Ақпарат және Қоғамдық даму министрлігінің Ақпарат комитетінде қайта тіркеуден өтіп, 2020 жылғы 15 желтоқсанда № KZ18VPY00030163 куәлігі берілді.

Газет сейсенбі, бейсенбі, сенбі күндері шығады.

Мекенжайымыз: 100009, Қарағанды қ., Әлімхан Ермеков көшесі, №33 үй.

Электрондық пошта: ortalay.kz@gmail.com; ortalay.kaz@mail.ru

Жарнама бөлімі: ortalay.reklama@mail.ru



Газет жеткізілмесе
41-26-82, 43-57-88
телефонына хабарласыңыздар.

«БанкЦентрКредит» АҚ ҚФ
Есеп-шот: kz50826MOKZTD2003131,
БИК KСJIBKZKX БИН 000840001412

Таралымы 4 725

№39 тапсырыс. Индекс 65484
Офсеттік басылым. Көлемі 4 баста табақ.

Бағасы келісім бойынша
«Типография Арко» ЖШС баспаханасында басылды.
Қарағанды қ., Сәтбаев к., 15.
Газеттің компьютерлік орталығында теріліп, беттелген.
Кезекші редактор Жәлел ШАЛҚАР